

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ядролық сынауларға жан-жақты тыйым салу туралы шарты бойынша ұйымының Дайындық комиссиясы арасындағы Ядролық сынауларға жан-жақты тыйым салу туралы шартты қолдауға халықаралық мониторинг объектілерінде, сертификаттаудан кейінгі іс-шараларды қоса алғанда, іс-шараларды өткізу жөніндегі келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қарашадағы N 1052 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ядролық сынауларға жан-жақты тыйым салу туралы шарты бойынша ұйымының Дайындық комиссиясы арасындағы Ядролық сынауларға жан-жақты тыйым салу туралы шартты қолдауға халықаралық мониторинг объектілерінде, сертификаттаудан кейінгі іс-шараларды қоса алғанда, іс-шараларды өткізу жөніндегі келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ядролық сынауларға жан-жақты тыйым салу туралы шарты бойынша ұйымының Дайындық комиссиясы арасындағы Ядролық сынауларға жан-жақты тыйым салу туралы шартты қолдауға халықаралық мониторинг объектілерінде, сертификаттаудан кейінгі іс-шараларды қоса алғанда, іс-шараларды өткізу жөніндегі келісімді ратификациялау туралы

2004 жылғы 9 қыркүйекте Венада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ядролық сынауларға жан-жақты тыйым салу туралы шарты бойынша ұйымының Дайындық комиссиясы арасындағы Ядролық сынауларға жан-жақты тыйым салу туралы шартты қолдауға халықаралық мониторинг объектілерінде, сертификаттаудан кейінгі іс-шараларды қоса алғанда, іс-шараларды өткізу жөніндегі келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ЯДРОЛЫҚ СЫНАУЛАРҒА ЖАН-ЖАҚТЫ ТЫЙЫМ САЛУ ТУРАЛЫ ШАРТЫ БОЙЫНША ҰЙЫМЫНЫҢ ДАЙЫНДЫҚ КОМИССИЯСЫ АРАСЫНДАҒЫ ЯДРОЛЫҚ СЫНАУЛАРҒА ЖАН-ЖАҚТЫ ТЫЙЫМ САЛУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫ ҚОЛДАУҒА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МОНИТОРИНГ ОБЪЕКТІЛЕРІНДЕ, СЕРТИФИКАТТАУДАН KEЙІНГІ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҚОСА АЛҒАНДА, ІС-ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСІМ

Ядролық сынауларға жан-жақты тыйым салу туралы шартына (бұдан әрі - "ЯСЖТШ" аталатын) қол қойған мемлекеттер 1996 жылғы 19 қарашада Нью-Йорк қаласында қабылдаған Ядролық сынауларға жан-жақты тыйым салу туралы шарты бойынша Ұйымының Дайындық комиссиясын (бұдан әрі "Комиссия" аталатын) құру туралы қарардың қосымшасындағы Дайындық комиссиясының Ядролық сынауларға жан-жақты тыйым салу туралы шарттың Ұйымын құру туралы мәтіннің 12(b) тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - "Үкімет" аталатын) және Комиссия (бұдан әрі "Тараптар" аталатын) Комиссияның а) мониторинг бойынша қолда бар объектілерінің түгендеуін жүргізу; б) алаңдардың тексеруін жүргізу с) мониторинг объектілерін жаңғырту немесе жаңаларын құру және/немесе d) Халықаралық Мониторинг Жүйесінің (бұдан әрі - "ХМЖ") стандарттарына сәйкес объектілерді (бұдан әрі "объектілер" аталатын) сертификаттау бойынша іс-шараларын қолдау мақсатымен, сондай-ақ, керегінде, уақытша пайдалануының сынауларын жүргізе беруін және ЯСЖТШ тиімділігін қамтамасыз ету міндеттер шеңберінде ХМЖ-не қызмет көрсету мақсатында төмендегі мыналар туралы келісті:

1-бап

Үкімет және Комиссия осы Келісімнің ережелерінің орындалуына жәрдем ету мақсатында ынтымақтасады. Қазақстан Республикасының аумағында Комиссия өткізуге немесе Комиссияның атынан өткізілуге тиісті іс-шаралар осы Келісімнің I-қосымшасында баяндалған.

2-бап

Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Комиссия өткізуі немесе Комиссия атынан өткізілуі тиісті іс-шаралар Комиссияның Қаржы Регламентінің ережелеріне сәйкес Комиссия жасаған келісім-шарттың немесе келісім-шарттардың шарттарына сәйкес өткізіледі.

3-бап

Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Комиссия өткізетін іс-шараларын, Үкіметпен консультациядан кейін Комиссия тағайындайтын персоналдан тұратын, Комиссия тобы жүзеге асырады. Комиссияға ауыстыру үшін топтың жаңа мүшелерін ұсыну құқығы беріледі деп түсінілген жағдайда Үкіметтің Комиссия тобының белгілі бір мүшелерінен бас тарту құқығы болады. Комиссия өткізетін әрбір іс-шара бойынша Комиссия топ

жетекшісін тағайындайды, ал Үкімет атқарушы өкілін тағайындайды, олар арқылы Комиссиямен Үкімет арасындағы байланыс жүзеге асырылады.

4-бап

Шекараны қиып өту пунктіне Комиссия тобының ұсынылған келуіне дейін кемінде 14 күн бұрын Комиссия тобының жетекшісі мен атқарушы өкіл осы Келісімнің ережелеріне сәйкес іс-шараларды өткізу үшін Қазақстан Республикасының аумағына Комиссия тобы әкелген жабдықтарға қатысты консультацияларды қоса алғанда, жоспарланған іс-шараларды өткізуіне жәрдем ету мақсатында консультация өткізеді. Сертификаттаудан кейінгі іс-шаралар үшін жабдық, ЯСЖТШ II бабының 26(h) тармағына зиян келтірмейтіндей Комиссия қабылдаған ХМЖ бойынша тиісті Жедел басшылықтардың талаптарына сәйкес болуы тиіс. Осы консультациялар процесінде Үкімет Қазақстан Республикасының аумағына келуі мен қайтуында Комиссия тобы мен жабдық кіретін және шығатын пункттері туралы Комиссияны хабардар етеді.

5-бап

Осы Келісімнің 4-бабында айтылатын консультациялар кезінде атқарушы өкіл, ЯСЖТШ II бабының 26(h) тармағына зиян келтірмейтіндей Комиссия қабылдаған ХМЖ бойынша тиісті Жедел басшылықтарына сәйкес, осы Келісімге I Қосымшада баяндалған іс-шаралар өткізу мақсатымен Комиссия тобы Қазақстан Республикасына кіруіне және оның аумағында қала беруіне мүмкіндік беретін құжаттарды беру үшін Қазақстан Республикасына қандай ақпараттың қажеттілігі туралы Комиссияны хабардар етеді. Комиссия бұл ақпаратты осы консультациялар аяқталысымен мүмкіндігінше қысқа мерзімдерде Үкіметке ұсынуы тиіс. Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес Комиссия тобына Қазақстан Республикасының аумағына кіру және онда осындай іс-шараларды жүргізу үшін қажетті уақыт кезеңіне қалу құқығы беріледі. Комиссия мүшелеріне талап етілген жағдайларда, Үкімет тиісті рұқсатнамаларды мүмкіндігінше қысқа мерзімдерде береді және ұзартады.

6-бап

Комиссия тобының іс-шаралары осы Келісімнің ережелеріне сәйкес, оның функциялары барынша мүмкінділік дәрежесінде дер кезінде және тиімді орындалуын қамтамасыз ете және Қазақстан Республикасына мүмкіндігінше ең мейілінше аз қолайсыздық және олардың ішінде өз қызметін жүзеге асыратын объектілерге немесе аудандарға Комиссия тобы мейілінше аз бөгет келтіре отырып Үкіметтің қатысуымен ұйымдастырылады. Мұндай қызмет ХМЖ объектілері орналасқан алаңдардың экологиясына және/немесе қоршаған ортасына қауіп төндірмеуге міндетті.

7-бап

Үкімет Қазақстан Республикасының аумағында болатын Комиссия тобы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және оның қалыпты жұмысы істеуі үшін қажетті жағдайлар жасайды. 1946 жылы 13 ақпанда Нью-Йорк қаласында қол қойылған БҰҰ-ның артықшылықтары және иммунитеттері туралы Конвенцияның ережелері осы

Келісімнің ережелерін орындалуына байланысты Комиссияның қызметіне, оның лауазымды тұлғаларына және сарапшыларына *mutatis mutandis* қолданылады.

8-бап

Үкімет тиісті органдардың Комиссия тобымен ынтымақтастығын қамтамасыз ету үшін барлық тиісті күш-жігерін салады. Комиссия осы Келісімнің шеңберінде өткізілетін барлық жұмыстар туралы ақпаратты дер кезінде атқарушы өкілге берілуін қамтамасыз етуі үшін барлық тиісті іс-шараларын қабылдайды.

9-бап

Үкімет пен Комиссия жоғарыда 4-бапта көрсетілген консультациялар барысында Комиссия тобының Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге арналған жабдықтарының тізімін дайындайды. Үкімет Комиссия тобы іс-шараларын орындау үшін осы жабдықтың қажеттілігі мен жарамдылығына көз жеткізу үшін, Комиссия тобының Қазақстан Республикасына әкелген жабдықтарын тексеруді жүргізуге құқығы бар. Үкімет, егерде Комиссия тобының жетекшісі оның қатысуы қажет деп санамаса, тексеруді Комиссия тобы жетекшісінің қатысуынсыз жүргізуге құқығы бар. Топ жетекшісі, қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ерекше қарауын немесе сақтауын талап ететін жабдықты көрсетеді және ол туралы ақпарат атқарушы өкілге Комиссия тобы кіру пунктіне келгенше дейін беріледі. Үкімет Комиссия тобы әкелген жабдықты сенімді қауіпсіз орында сақталуын қамтамасыз етеді. Жабдықты тасымалдау кезіндегі ақтаусыз кідірістердің алдын алу мақсатында Үкімет жабдықтың Қазақстан Республикасының аумағына әкелуіне қатысты ішкі ережелері мен талаптарын орындауға, және тиісті жағдайларда Қазақстан Республикасынан осындай жабдықтың әкетілуіне Комиссия тобына жәрдемдеседі.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерін орындау үшін Қазақстан Республикасына әкелінетін Комиссияның жабдығы мен басқа мүлкі кеден бажынан босатылады. Атқарушы өкіл осы жабдық пен/немесе мүліктің кедендік ресімделуіне жәрдемдеседі. Мониторинг объектілерінде тұрақты орнату үшін Қазақстан Республикасына берілетін жабдыққа арналған құқық, жабдықтың Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген сәтінен бастап дереу Үкіметке көшеді.

11-бап

Комиссия, оның активтері, түсімдері және осы Келісімнің ережелерін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген өзге мүлкі Қазақстан Республикасының барлық тікелей салықтарынан босатылады. Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес қызмет көрсетуіне сатып алуын және келісім-шарттарын жасасу кезінде Комиссия төлеген бағаның бөлігін құрайтын кез келген баждарын немесе салықтарын қайтару немесе олардан босату үшін Үкімет тиісті әкімшілік іс-шараларын қолданады.

12-бап

Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес өткізілген іс-шаралар бойынша бір Тараптың даярлаған кез келген мәліметтері және ресми есептері екінші Тараптың қарамағына ұсынылады.

13-бап

Осы Келісімнің мақсаттарына ХМЖ объектілерінде сертификаттаудан кейінгі іс-шаралар келесі екі талап орындалғаннан кейін басталатын болады:

- i) Тиісті рәсімдерге және/немесе сертификаттау жөніндегі басшылыққа сәйкес Комиссияның ХМЖ объектілерін сертификаттауы;
- ii) Егер де, Комиссия ХМЖ объектілерін пайдалану және қызмет көрсету үшін қажет болса, егжей-тегжейлі қаржылық келісімдерді қоса алғанда, бюджетті бекітуі.

14-бап

Сертификаттаудан кейінгі іс-шаралар өткізуіндегі ынтымақтастық мынаны қамтиды :

1) Тараптар жасасқан рәсімдер мен келісімдерге сәйкес, Үкімет, қажет жағдайда, объектілерді сынақтан өткізеді, уақытша пайдаланады және қызмет көрсетеді. Халықаралық Деректер Орталығы (бұдан әрі "ХДО" аталатын) сапасы жоғары және сенімділігі жоғары дәрежедегі деректер алуын қамтамасыз ету үшін бұл рәсімдер, ЯСЖТШ II бабының 26(h) тармағы үшін зиян келтірмейтіндей Комиссия қабылдаған ХМЖ жөніндегі тиісті Жедел басшылықтармен келісіледі;

2) Үкімет, ЯСЖТШ II бабының 26(h) тарабы үшін зиян келтірмей Комиссия қабылдаған ХМЖ жөніндегі тиісті Жедел басшылықтары бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сынауымен, уақытша пайдалануымен және қажет жағдайда қызмет көрсетуімен байланысты барлық тиісті коммуналдық қызметтерін қамтамасыз етеді, және де шығындар, ЯСЖТШ-ның IV бабының 19-21-тармақтарына және Комиссияның тиісті бюджеттік шешімдеріне сәйкес, Комиссиямен т о л т ы р ы л а д ы ;

3) Үкімет, Комиссия сұрауы бойынша, Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына және жиіліктерді бөлудің ұлттық жоспарына сәйкес, байланыстың қажетті арналары үшін талап етілетін қолайлы жиіліктерді бөлуін қамтамасыз етеді;

4) Үкімет, объект бойынша жедел басшылықта белгіленген форматтар мен қаптамаларды пайдалана отырып, объектілердің кез келгенінен тіркелген немесе алынған деректерді ХДО-на тапсырады. Деректердің осындай берілуі неғұрлым тікелей және үнемді тәсілмен тиісті объектіден және Ұлттық деректер орталығынан жүргізіледі . Комиссияға деректер берудің барлық түрлері, Үкіметтің немесе Қазақстан Республикасының қандай да бір құзыретті органымен Қазақстан Республикасының үкіметтік мекемелері үшін белгіленген ең аз тарифтердің міндетті түрінен аспайтын, көрсетілген қызметтердің құнымен тікелей байланысты алымдардан басқа, баждардан және өзге төлемдерден бос болады;

5) Үкімет объектілердің кез келгенімен байланысты, деректер беру желілерін,

далалық жабдықтарды және датчиктерін қоса алғанда, объектілер мен жабдықтардың табиғи қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, бұл ретте шығындар, ЯСЖТШ-ның IV бабының 19-21 тармақтарына және Комиссияның тиісті бюджеттік шешімдеріне сәйкес анықталады;

6) Үкімет, ЯСЖТШ II бабының 26(h) тармағы үшін зиян келтірмейтіндей, Комиссия қабылдаған ХМЖ жөніндегі тиісті Жедел басшылықтарына сәйкес барлық объектілердегі аспаптардың калибрлеуін қамтамасыз етеді;

7) Үкімет проблемалар пайда болу туралы, проблема сипаты және оны жоюдың күтулі мерзімі туралы ХДО-на ақпар беріп, Комиссияны хабардар етеді. Үкімет, сондай-ақ Комиссияны қандай да болмасын объектіден түсетін деректердің сапасына әсер еткен қалыптан тыс құбылыстың пайда болған уақыты туралы хабардар етеді;

8) Комиссия Үкіметпен, егер де Үкімет сондай өзгерістердің жүзеге асыруын өз жауапкершілігіне алмаса, жабдықтар мен байланыс арналарын тексеру және жабдықтардың қажетті өзгерістері мен басқа пайдалану рәсімдерін жүзеге асыру мақсатында, Комиссияның объектілерге енуіне рұқсат беру рәсімдері бойынша консультациялар жүргізеді. Осындай рәсімдерге сәйкес Комиссияның 1-қосымшада көрсетілген ХМЖ кез келген объектілеріне еруге мүмкіндігі болады.

15-бап

Үкімет Комиссиядан түсетін, қажет болғанда I Қосымшада көрсетілген объектілердің кез келгенін сынауына және қажеттілігінде оның уақытша пайдалануына қатысты немесе ХДО-на деректер беруіне қатысты сұрақтарына, мониторинг бойынша объектілерінің персоналы мүмкіншілігіне қарай жедел ақпарат беруін қамтамасыз етеді. Бұл жауаптар тиісті объекті бойынша жедел басшылықта көрсетілген форматта беріледі.

16-бап

Осы Келісімді жүзеге асыруына қатысты құпиялық мәселелері ЯСЖТШ және Комиссияның тиісті шешімдеріне сәйкес шешіледі.

17-бап

Осы Келісімді жүзеге асыру бойынша қызметінің шығындар Комиссия қабылдайтын тиісті бюджеттік шешімдеріне сәйкес толтырылады. Соның ішінде, тиісті жағдайларда табиғи қауіпсіздігін қамтамасыз етуін, деректер ұқсастыруының келісілген рәсімдерін, үлгілерін беруін және объектілер мен Ұлттық деректер орталығынан ХДО-ға деректер беруін қоса алғанда, объектілерді сынауымен, қажет жағдайда уақытша пайдалануымен және қызмет көрсетуімен байланысты шығындар ЯСЖТШ IV бабының 19-21 тармақтарында көзделгендей және Комиссияның тиісті бюджеттік шешімдеріне сәйкес толтырылады.

18-бап

Осы Келісімнің 1-қосымшасында көрсетілген әрбір іс-шара аяқталысымен, Комиссия ХМЖ бір бөлігі ретінде объектінің тиісті жұмыс істеуіне қажет деп табатын

тиісті техникалық көмекті Комиссия Қазақстан Республикасына көрсетеді. Сондай-ақ Комиссия, Үкімет сондай көмек туралы сұрау салуында және Комиссияның бекітілген бюджеттік ресурстар шегінде, қажет жағдайда уақытша пайдалануына және мониторинг бойынша объектілері мен байланыс құралдарына қызмет көрсетуіне техникалық көмек көрсетеді және қолдау жасайды.

19-бап

Осы Келісімнің ережелерін орындауымен байланысты Тараптар арасында кез келген қайшылықтар немесе дау болуы жағдайында, оларды тездетіп шешу мақсатында консультациялар өткізеді. Егер Тараптар келіспеушіліктерді немесе дауларды реттей алмаған жағдайда кез келген Тарап консультация және көмек алу үшін бұл мәселені Комиссияның жалпы отырысында көтере алады.

20-бап

Осы Келісімнің өзгертілуі Тараптардың хат алмасу түріндегі келісімімен өткізіледі. Тараптар өзара шешімі бойынша қандай қажет деп тапса, сондай қосымша келісімдер жасасуы мүмкін.

21-бап

Осы Келісімге 1 Қосымша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады, және осы Келісімге кез келген сілтеме I Қосымшаға кіргізілетін сілтеме болып түсінілуге тиісті. I Қосымшасының қандай да бір ережесімен осы Келісімнің мәтініндегі қандай да бір ережесімен келіспеушілік орын алған жағдайда, Келісімнің ережелері артықшылыққа ие болады.

22-бап

Осы Келісім, күшіне енуі үшін қажетті барлық ұлттық талаптары орындалуы туралы Қазақстан Республикасының хабарын Комиссия алған күнінен бастап күшіне енеді. Осы Келісім ЯСЖТШ күшіне енгеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ядролық сынауларға жан-жақты тыйым салу туралы шарты жөніндегі ұйымының арасында объектілер бойынша жаңа Келісім жасалғанға дейін күшінде қ а л а д ы .

Екі мың төртінші жылғы қыркүйектің тоғызында Вена қаласында ағылшын, қазақ және орыс тіліндегі үш данада қол қойылған, және де мәтіндердің үшеуі де бірдей тең түпнұсқалы. Осы Келісімнің түсіндірілуіне байланысты кез келген дау болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтіні артықшылық күшке ие болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ядролық сынақтарға жан-жақты
тыйым салу шарты ұйымының
Дайындық комиссиясы үшін

(қолы)

(қолы)

Қасымжомарт Тоқаев
Сыртқы істер министрі

Атқарушы хатшы

Вольфганг Хоффманн

(аты-жөні және лауазымы)

(аты-жөні және лауазымы)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарты ұйымының Дайындық комиссиясы арасындағы Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шартты қолдауға халықаралық мониторинг объектілерінде сертификаттаудан кейінгі іс-шараларын қоса алғанда, іс-шараларды өткізу жөніндегі Келісімге

I Қосымша

I. Төменде көрсетілген Халықаралық мониторинг бойынша объектілерінде іс-шаралардың біреуінің немесе барлығының өткізілуі талап етілуі мүмкін:

- 1 . Т ү г е н д е у
- 2 . А л а ң д ы з е р т т е у
- 3 . Ж а б д ы қ т ы о р н а т у
- 4 . Ж а ң ғ ы р т у
- 5 . Т е с т і л е у ж әне б а ғ а л а у
- 6 . С е р т и ф и к а т т а у
- 7 . С е р т и ф и к а т т а у д а н к е й і н г і і с - ш а р а л а р

II. Қазақстан Республикасының аумағындағы Халықаралық Мониторинг Жүйесінің шегіндегі мониторинг бойынша объектілері

1 . М а қ а н ш ы PS23 сейсмологиялық станциясы	тұрпаты	М К А R сейсмикалық тобы
2 . Б у р а б а й AS57 сейсмологиялық станциясы	тұрпаты	В Y A R сейсмикалық тобы
3 . К у р ч а т о в AS58 сейсмологиялық станциясы	тұрпаты	К U R K 3-К>сейсмикалық тобы
4 . А қ т ө б е AS59 сейсмологиялық станциясы	тұрпаты	А К Т О 3-К
5 . А қ т ө б е IS31 инфрадыбыс станциясы		

ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРҒА ЖАН-ЖАҚТЫ ТЫЙЫМ САЛУ ТУРАЛЫ ШАРТ

КІРІСПЕ

Осы Шартқа қатысушы мемлекеттер (төменде - "қатысушы мемлекеттер" деп а т а л а д ы) ,

ядролық қарусыздану саласындағы, ядролық қару арсеналдарын қысқартуды қоса алғанда, сондай-ақ оның барлық аспектілерінде ядролық таратуды болдырмау саласындағы соңғы жылдардағы халықаралық келісімдер мен басқа да оң шараларды қ о л д а й о т ы р ы п ,

осындай келісімдер мен шараларды толық және дер кезінде жүзеге асырудың маңыздылығын атап көрсете отырып ,

қазіргі халықаралық жағдайдың бұдан әрі де ядролық қарусыздануға және ядролық

қаруды оның барлық аспектілерінде таратуға қарсы тиімді шаралар қабылдау үшін мүмкіндік беретіндігіне әуелде көз жеткізген және осындай шараларды қабылдауға өздерінің ниеті туралы мәлімдей отырып,

сондықтан осы қаруды жоюдың түпкілікті мақсатымен ядролық қаруды ғаламдық деңгейде қысқарту жөніндегі жүйелі және дәйекті күш-жігерлерді жалғастырудың, сондай-ақ қатаң және тиімді халықаралық бақылау арқылы жалпылама және толық қарусызданудың қажеттілігін атап көрсете отырып,

ядролық қаруды әзірлеу мен сапалы жетілдіруді шектеу және ядролық қарудың неғұрлым жетілдірілген жаңа тұрпаттарын әзірлеуді тоқтату арқылы ядролық қарудың барлық сынақтық жарылыстарын және барлық басқа да ядролық жарылыстарды тоқтату өзімен ядролық қарусыздану мен оны барлық аспектілерде таратпаудың тиімді шараларын білдіретіндігін мойындай отырып,

сондай-ақ осындай барлық ядролық жарылыстарды тоқтату ядролық қарусыздануға қол жеткізу мақсатымен жүйелі процесті іске асырудағы маңызды қадам болатындығын мойындай отырып,

ядролық сынақтарды тоқтатуға қол жеткізудің барынша тиімді тәсілі - қарусыздану және таратпау саласында халықаралық қоғамдастықтың неғұрлым басымды ежелгі мақсаттарының бірі болып табылатын ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы әмбебап және халықаралық тиімді бақылауға икемді шарт жасасу болып табылатындығына әуелде көз жеткізе отырып,

Атмосферадағы, ғарыш кеңістігіндегі және су астындағы ядролық сынақтарға тыйым салу туралы 1963 жылғы шартқа қатысушылар білдірген ядролық қарудың барлық сынақтық жарылыстарын мүлде тоқтатуға қол жеткізуге ұмтылысын атай о т ы р ы п ,

сондай-ақ осы Шарт қоршаған ортаны қорғауға көмектесетіндігі туралы білдірілген п і к і р д і а т а й о т ы р ы п ,

барлық мемлекеттердің осы Шартқа қосылуын қамтамасыз ету мақсатын және ядролық қаруды оның барлық аспектілерінде таралуын болдырмауға, ядролық қарусыздану процесіне тиімді көмектесу, сонымен халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту мақсатын қуаттай отырып,

төмендегілер туралы келісті:

I Б А П

НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

1. Әрбір қатысушы мемлекеттер ешқандай ядролық сынақтарды немесе кез келген басқа да ядролық жарылысты жасамауға, сондай-ақ оның юрисдикциясына немесе бақылауына жататын кез келген жерде кез келген осындай ядролық жарылысқа тыйым салуға және болдырмауға міндеттенеді.

2. Әрбір қатысушы мемлекеттер бұдан әрі кез келген ядролық қарудың жарылыстық сынағын және кез келген басқа да ядролық жарылысты жасау ниетінен, ынталандырудан немесе қандай да бір қатысудан тартынуға міндеттенеді.

І І ҰЙЫМ

Б А П

А. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қатысушы мемлекеттер осы Шарттың объектісі мен мақсаттарына қол жеткізу, оның сақталуына халықаралық бақылау жөніндегі ережелерді қоса алғанда, оның жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ қатысушы мемлекеттер арасындағы консультациялар мен ынтымақтастық үшін форумды қамтамасыз ету үшін осымен ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарт жөніндегі Ұйымды (төменде - "Ұйым" деп аталады) құрады.

2. Барлық қатысушы мемлекеттер Ұйым мүшесі болып табылады. Қатысушы мемлекет өзінің Ұйымға мүшелігінен айырылмайды.

3. Ұйымның орналасқан жері - Вена, Австрия Республикасы болып табылады.

4. Осымен Ұйымның органдары ретінде мыналар құрылады: Қатысушы мемлекеттер конференциясы, Атқарушы кеңес және Халықаралық деректер орталығын қамтитын Техникалық хатшылық.

5. Әрбір қатысушы мемлекет осы Шартқа сәйкес өздерінің функцияларды орындауда Ұйыммен ынтымақтасады. Қатысушы мемлекеттер осы Шарттың объектісі мен мақсатына немесе ережелерінің жүзеге асырылуына қатысты көтерілуі мүмкін кез келген мәселе бойынша тікелей өзара немесе, Ұйым не Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберіндегі рәсімдерді қоса алғанда және оның Жарғысына сәйкес, басқа да тиісті халықаралық рәсімдер арқылы консультациялар жүргізеді.

6. Ұйым осы Жарғыға сәйкес көзделген бақылау жөніндегі өзінің қызметін осындай қызметтің мақсатына дер кезінде және тиімді қол жеткізуге сай мүмкіндігінше аз араласа отырып жүргізеді. Ол тек осы Шарт жөніндегі өз міндеттерін орындау үшін қажетті ақпарат пен деректерге сұрау салады. Ол осы Шартты жүзеге асыру кезінде оған белгілі болған азаматтық және әскери қызмет пен объект туралы ақпарат құпиялылығын қорғау үшін барлық сақтық шараларын қолданады, және, атап айтқанда, осы Шартта мазмұндалған құпиялылық ережелерін сақтайды.

7. Әрбір қатысушы мемлекет осы Шартты іске асыруға байланысты Ұйымнан сенімділік негізінде алынған ақпарат пен деректерді құпия сапасында қарастырады және осындай ақпаратпен және осындай деректермен айналысудың ерекше тәртібін белгілейді. Ол осындай ақпаратты және осындай деректі айрықша осы Шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттеріне байланысты қарастырады.

8. Ұйым дербес мекеме ретінде тиісті жағдайларда қолда бар арнайы білімдерді, сондай-ақ құралдарды қолдануға және Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік сияқты басқа да халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық негізінде уағдаластық

жолымен шығын тұрғысынан қарағанда барынша жоғарғы тиімділікке жетуге талпынады. Мұндай уағдаластықтар, олардың елеусіз және әдеттегі коммерциялық және келісімшарттық сипаты барларын қоспағанда, қатысушы мемлекеттер Конференциясының мақұлдауына ұсынылатын келісімдерде мазмұндалады.

9. Ұйымның қызметіне арналған шығыстарды қатысушы мемлекеттер жыл сайын Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Ұйымның мүшелік құрамындағы айырмашылықтарды есепке алумен түзетілген Біріккен Ұлттар Ұйымы жарналарының шкаласына сәйкес ө т е й д і .

10. Қатысушы мемлекеттердің Дайындық комиссиясына қаржылық жарналары тиісті дәрежеде олардың тұрақты бюджеттегі жарналарынан шегеріледі.

11. Өзіне есептелген жарнаны төлеу жөнінде Ұйымға берешегі бар Ұйым мүшесі, егер оның берешегінің сомасы өткен толық екі жылдағы оған тиесілі жарна сомасын құраса немесе асатын болса, Ұйымда дауыс құқығы болмайды. Дегенмен де қатысушы мемлекеттер Конференциясы, егер төлем осындай мүшеге тәуелді емес жағдайларда төленбегеніне көз жеткізсе, осындай мүшеге дауыс беруге қатысуға рұқсат ете алады.

В. ҚАТЫСУШЫ МЕМЛЕКЕТТЕР КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Құрам, рәсімдер және шешімдерді қабылдау

12. Қатысушы мемлекеттер Конференциясы (төменде "Конференция" деп аталады) барлық қатысушы мемлекеттерден тұрады. Әрбір қатысушы мемлекеттің Конференцияда орынбасарлары мен кеңесшілері еріп жүретін бір өкілі болды.

13. Конференцияның алғашқы сессиясын депозитарий осы Шарт күшіне енгеннен кейін 30 күннен соң кешіктірмей шақырады.

14. Конференция, егер ол тек өзге шешім қабылдасамаса, жыл сайын өткізілетін кезекті сессияларына жиналады.

15. Конференцияның арнайы сессиясы:

а) Конференция шешімі бойынша;

б) Атқару кеңесінің сұрау салуымен; немесе

с) қатысушы мемлекеттердің көпшілігі қолдайтын кез келген қатысушы мемлекеттің сұрау салуымен шақырылады.

Арнайы сессия Конференция шешімінен, Атқару кеңесінің сұрау салуынан немесе, егер тек шешімде немесе сұрау салуда өзгеше көрсетілмесе, қажетті қолдау алғаннан кейін 30 күннен соң кешіктірілмей шақырылады.

16. Конференция, сондай-ақ VII бапқа сәйкес түзетулерді қарау жөніндегі Конференция нысанында шақырылуы мүмкін.

17. Конференция, сондай-ақ VIII бапқа сәйкес Шарттың қолданылуын қарастыру жөніндегі Конференция нысанында шақырылуы мүмкін.

18. Сессия, егер Конференция басқа шешім қабылдасамаса, Ұйымның орналасқан ж е р і н д е ө т к і з і л е д і .

19. Конференция өзінің рәсім ережелерін қабылдайды. Әрбір сессияның алдында ол

өзінің Төрағасын және басқа да қажетті лауазымдық адамдарды сайлайды. Олар лауазымында келесі сессияда жаңа Төраға мен басқа да лауазымдық адамдар сайланғанға дейін болады.

20. Қатысушы мемлекеттердің көпшілігі кворумды құрайды.

21. Әрбір қатысушы мемлекет бір дауысқа ие.

22. Конференция рәсімдік мәселелер жөніндегі шешімді мүшелерінің көпшілігінің қатысуымен және дауыс беруге қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылдайды. Елеулі мәселелер жөніндегі шешімдер мүмкіндігінше ымыраға келу арқылы қабылданады. Егер проблеманы шешуге қою кезінде ымыраға келу мүмкін болмаса, Конференция Төрағасы кез келген дауыс беруді 24 сағатқа кейінге қалдырады және осы мұрсат кезеңінде ымыраға келуге көмектесу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды және осы кезеңнің аяғына дейін Конференцияға баяндама ұсынады. Егер 24 сағат өткеннен кейін ымыраға келу мүмкін болмаса, Конференция шешімді, егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, Конференцияға және дауыс беруге қатысушы мүшелердің үштен екісінің көпшілік дауысымен қабылдайды. Егер осы немесе өзге мәселе мәселенің мәні болып табылатыны қатысында дау туындаған кезде, мәселенің мәні бойынша шешім қабылдау үшін қажетті көпшілік дауыспен өзгеше шешім қабылданбаса, осы мәселе мәселенің мәні болып саналады.

23. Конференция 26 к) тармағы бойынша өзінің функциясын жүзеге асыру кезінде 22-тармақта мазмұндалған мәселенің мәні жөнінде шешім қабылдау рәсіміне сәйкес осы Шартқа I-қосымшада берілген мемлекеттер тізіміне кез келген мемлекетті қосуға шешім қабылдайды. Конференция 22-тармаққа қарамастан осы Шарттың I-қосымшасына кез келген басқа өзгеріске қатысты шешімді ымыраға келу арқылы қабылдайды.

Өкілеттіктер мен функциялар

24. Конференция Ұйымның бас органы болып табылады. Ол осы Шарттың қолданылу аясы шеңберіндегі кез келген мәселелерді, тақырыптарды немесе проблемаларды, Атқару кеңесі мен Техникалық хатшылықтың өкілеттіктері мен функцияларына қатыстыларды қосқанда, осы Шартқа сәйкес қарастырады. Ол қайсыбір қатысушы мемлекет көтеретін немесе оның назарына Атқарушы кеңес жеткізген осы Шарттың қолданылу аясы шеңберіндегі кез келген мәселелер, тақырыптар немесе проблемалар жөнінде ұсыныстар беріп, шешімдер қабылдай алады.

25. Конференция осы Шарттың жүзеге асырылуын қадағалайды және сақталуын қарайды және оның объектісі мен мақсатының іске асырылуына көмектесу үшін шаралар қабылдайды. Ол, сондай-ақ Атқару кеңесі мен Техникалық хатшылықтың қызметін қадағалауды жүзеге асырады және олардың кез келгені үшін өздерінің функцияларын жүзеге асыруға қатысты басшылық принциптерін белгілей алады.

26. Конференция :

а) Атқару кеңесі ұсынатын Ұйымның осы Шарттың жүзеге асырылуы туралы

баяндамасын және Ұйымның жыл сайынғы бағдарламасы мен жылдық бюджетін қарайды және қабылдайды, сондай-ақ басқа да баяндамаларды қарайды;

b) қатысушы мемлекеттердің 9-тармаққа сәйкес төлейтін қаржылық жарналарының шкаласына қатысты шешімдер қабылдайды;

c) Атқару кеңесі мүшелерін сайлайды;

d) Техникалық хатшылықтың бас директорын тағайындайды (төменде "Бас директор" деп аталады);

e) Атқару кеңесінің соңғы ұсынған рәсім ережелерін қарайды және бекітеді;

f) осы Шарттың қолданылуына әсер етуі мүмкін ғылыми-техникалық жетістіктерді қарау мен шолуды жүзеге асырады. Осыған байланысты Конференция Бас директорға, ол өзінің функцияларын орындау кезінде Конференцияға, Атқару кеңесіне немесе қатысушы мемлекеттерге осы Шартқа қатысы бар ғылым мен техника саласында арнайы консультациялар ұсыну мүмкіндігін беру үшін ғылыми-консультативтік кеңес құруды тапсыра алады. Мұндай жағдайда ғылыми-консультативтік кеңес құрамына Шартты жүзеге асыруға қатысы бар нақты ғылыми салалардағы олардың құзыреттілігі мен тәжірибесіне сүйене отырып, өзінің жеке сапасында көрінетін және Конференция қабылдаған жүргізу шеңберіне сәйкес тағайындалатын тәуелсіз сарапшылар енеді;

g) Осы Шарттың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде және V бапқа сәйкес осы Шарттың ережелерін бұзатын кез келген жағдайларды түзету және бағыттау жөнінде қажетті шараларды қабылдайды;

h) өзінің алғашқы сессиясында Дайындық комиссиясы әзірлеген және ұсынған кез келген келісімдердің, уағдаластықтардың, ережелердің, рәсімдердің, жедел басшылықтардың, басқарушы принциптердің жобаларын және кез келген басқа құжаттарды қарайды және мақұлдайды;

i) 38 h) тармағына сәйкес қатысушы мемлекеттермен, басқа да мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен Ұйым атынан Атқару кеңесімен жасауға жататын Техникалық хатшылық әзірлеген келісімдер мен уағдаластықтарды келіссөздер жолымен қарайды және мақұлдайды;

j) ол осы Шартқа сәйкес өзінің функцияларын орындау үшін қажет деп санайтын қосымша органдарды құрады; және

k) 23-тармаққа сәйкес тиісті жағдайларда осы Шарттың 1-ші қосымшасын жаңартады.

C. АТҚАРУ КЕҢЕСІ

Құрам, рәсімдер және шешімдерді қабылдау

27. Атқару кеңесі 51 мүшеден тұрады. Әрбір қатысушы мемлекеттің осы баптың ережелеріне сәйкес Атқару кеңесінің құрамына енуге құқығы бар.

28. Әділ географиялық бөлісу қажеттігін ескере отырып, Атқару құрамына:

a) Африкадан он қатысушы мемлекет;

b) Шығыс Еуропадан жеті қатысушы мемлекет;

- с) Латын Америкасы мен Кариб бассейнінен тоғыз қатысушы мемлекет;
- д) Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азиядан жеті қатысушы мемлекет;
- е) Солтүстік Америка мен Батыс Еуропадан он қатысушы мемлекет; және
- ф) Оңтүстік-Шығыс Азиядан, Тынық мұхит аймағы мен Қиыр Шығыстан сегіз қ а т ы с у ш ы м е м л е к е т е н е д і .

Әрбір жоғарыда аталған географиялық аймаққа жататын барлық мемлекеттер осы Шарттың I-қосымшасында санамаланған. Осы Шарттың I-қосымшасы тиісті жағдайларда 23 пен 26 к) тармақтарына сәйкес Конференциямен жаңартылады. Ол VII бапта мазмұндалған рәсімдерге сәйкес түзетулер мен өзгерістерге жатпайды.

29. Атқару кеңесінің мүшелерін Конференция сайлайды. Осыған байланысты әрбір географиялық аймақ осы аймақтан Атқару кеңесінің мүшесі ретінде сайлау үшін қатысушы мемлекеттерді келесідегідей ұсынады:

а) әрбір географиялық аймаққа бекітілген орындардың кем дегенде үштен бірі, ядролық әлеуетіне, бұл әлеует халықаралық деректер негізінде анықталғандай, сүйеніп ұсынылатын осы аймақтың Шартқа қатысы бар қатысушы мемлекеттерінің саяси мүдделері мен қауіпсіздік мүдделерін, сондай-ақ маңыздылық тәртібінде әрбір аймақ анықтайтын келесі бағдарлық өлшемдердің барлығын немесе қайсыбірін ескере о т ы р ы п т о л т ы р ы л а д ы :

i) Халықаралық мониторинг жүйесі құрамындағы мониторинг бойынша объектілер с а н ы ;

ii) мониторинг технологиясы саласындағы арнайы білімдер мен тәжірибелер; және
iii) Ұйымның жылдық бюджетіне жарнасы;

б) әрбір географиялық аймаққа бекітілген орындардың бірі, олар қатысушы мемлекеттер болған кезден бері неғұрлым ұзақ мерзім ішінде немесе олардың өкілеттік мерзімінің соңғы уақытынан бері қайсысы қысқа, соған байланысты, Атқару кеңесінің мүшелігіне енбеген осы аймақтың қатысушы мемлекеттері арасында ағылшын алфавиті тәртібінде бірінші болып табылатын қатысушы мемлекеттердің ротациясы негізінде толтырылады. Осындай негізде ұсынылған қатысушы мемлекет өз орнынан бас тартуды шеше алады. Мұндай жағдайда қатысушы мемлекет Бас директорға бас тарту туралы хат ұсынады және орын осы тармақшаға сәйкес кезек бойынша келесі қатысушы мемлекетпен толтырылады; және

с) әрбір географиялық аймаққа бекітілген қалған орындар осы аймақтың барлық қатысушы мемлекеттері қатарынан ротация немесе сайлау жолымен ұсынылатын қатысушы мемлекеттермен толтырылады.

30. Атқару кеңесінің әрбір мүшесінің Атқару кеңесінде орынбасарлары мен кеңесшілері бірге еріп жүре алатын бір өкілі болады.

31. Атқару кеңесінің әрбір мүшесі өзінің қызметінде, Конференцияның жыл сайынғы кезекті үшінші сессиясының соңына дейін болатын бірінші сайлау кезінде Атқару кеңесіне 26 мүше сайланатындығын есепке алмағанда, осы мүше сайланған

Конференция сессиясының соңынан осыдан кейінгі Конференцияның жыл сайынғы кезекті екінші сессиясының соңына дейін болады, және де 28-тармақта көрсетілген сандық үйлесімдерге тиісінше назар аударылады.

32. Атқару кеңесі өзінің рәсім ережелерін әзірлейді және оларды Конференцияның б е к і т у і н е ұ с ы н а д ы .

33. Атқару кеңесі өзінің Төрағасын өз мүшелерінің қатарынан сайлайды.

34. Атқару кеңесі кезекті сессияларына жиналады. Кезекті сессиялар арасындағы кезеңде ол өзінің өкілеттіктері мен функцияларын орындау үшін мүмкін қажетті ж и е л і к т е ж и н а л а д ы .

35. Атқару кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады.

36. Атқару кеңесі рәсімдік мәселелер бойынша шешімді оның барлық мүшесінің көпшілік дауысымен қабылдайды. Атқару кеңесі, егер тек осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, мәселенің мәні бойынша шешімді оның барлық мүшелерінің үштен екісінің көпшілік дауысымен қабылдайды. Егер осы немесе өзге мәселе мәселенің мәні болып табылатыны қатысында дау туындаған кезде, мәселенің мәні бойынша шешім қабылдау үшін қажетті көпшілік дауыспен өзгеше шешім қабылданбаса, осы мәселе мәселенің мәні болып саналды.

Өкілеттіліктер мен функциялар

37. Атқару кеңесі Ұйымның атқарушы органы болып табылады. Ол Конференцияға есеп береді. Ол өзіне жүктелген өкілеттіліктер мен функцияларды осы Шартқа сәйкес жүзеге асырады. Бұл ретте ол Конференцияның пікірлеріне, шешімдеріне және басшылық принциптеріне сәйкес іс-қимыл жасайды және олардың дәйекті және тиісінше орындалуын қамтамасыз етеді.

38. А т қ а р у к е ң е с і :

- a) Осы Шарттың тиімді жүзеге асуы мен сақталуына жәрдемдеседі;
- b) Техникалық хатшылықтың қызметін қадағалайды;
- c) осы Шарттың объектісі мен мақсаттарын жүзеге асыруға жәрдемдесу жөнінде одан әрідегі ұсыныстарды қарауға қатысты ұсынымдарды қажеттілік шамасына қарай К о н ф е р е н ц и я ғ а ұ с ы н а д ы ;
- d) әрбір қатысушы мемлекеттің Ұлттық органымен ынтымақтасады;
- e) Ұйымның жыл сайынғы бағдарламасы мен жылдық бюджетінің жобасын, осы Шартты жүзеге асыру туралы Ұйым баяндамасының жобасын, өзінің дербес қызметінің жүзеге асырылуы туралы баяндаманы және ол қажет деп табатын немесе Конференция сұратуы мүмкін осындай басқа да баяндамаларды қарайды және Конференцияға ұ с ы н а д ы ;
- f) күн тәртібінің жобасын дайындауды қоса алғанда, Конференция сессиясын ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;
- g) Хаттамаға немесе оның қосымшасына VII бапқа сәйкес әкімшілік немесе техникалық сипаттағы мәселелер бойынша өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды

зерделейді және қатысушы мемлекеттерге олардың қабылдануына қатысты ұсыныстар ж а с а й д ы ;

h) Конференцияның алдын ала келісімімен Ұйымның атынан қатысушы мемлекеттермен, басқа да мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен келісімдер немесе шарттар жасасады және, i) тармақшасында ескерілген келісімдер мен уағдаластықтарды қоспағанда, олардың жүзеге асырылуын қадағалайды;

i) қызметтің жүзеге асуын қадағалауға қатысты қатысушы мемлекеттермен және басқа да мемлекеттермен келісімдерді немесе уағдаластықтарды мақұлдайды және олардың жүзеге асырылуын қадағалайды; және

j) Техникалық хатшылық ұсынуы мүмкін кез келген жаңа жедел басшылықтарды және қолда бар жедел басшылықтарға кез келген өзгерістерді мақұлдайды.

39. Атқару кеңесі Конференцияның арнайы сессиясын өткізуге сұрау сала алады.

40. А т қ а р у к е ñ е с і :

a) Осы Шартты жүзеге асыруға байланысты қатысушы мемлекеттер арасындағы және қатысушы мемлекеттер мен Техникалық хатшылық арасындағы ынтымақтастыққа ақпараттармен алмасулар арқылы жәрдемдеседі;

b) IV бапқа сәйкес қатысушы мемлекеттер арасында консультациялар мен түсіндірмелерді жүргізуге жәрдемдеседі; және

c) Жергілікті жерлердегі инспекцияға қатысты сұрау салулар мен баяндамаларды алады және қарайды және осындай сұрау салулар мен баяндамалар бойынша IV бапқа с ә й к е с ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы .

41. Атқару кеңесі осы Шарттың болуы мүмкін сақталмауына және осы Шарт белгілеген құқықтарды теріс пайдалануға қатысты қатысушы мемлекет білдірген кез келген алаңдаушылықты қарайды. Бұл ретте Атқару кеңесі қатысы бар қатысушы мемлекеттермен кеңеседі және тиісті жағдайларда қатысушы мемлекетке нақты белгіленген мерзімде жағдайды түзету жөнінде шаралар қолдануды ұсынады. Атқару кеңесі бұдан әрі қажетті деп санайтын іс-қимыл шамасында басқалардың қатарында келесі шаралардың біреуін немесе одан көбін қолданады:

a) барлық қатысушы мемлекеттерді проблема немесе мәселе туралы хабардар етеді;

b) проблеманы немесе мәселені Конференцияның назарына жеткізеді;

c) Конференцияға ұсыныстар жасайды немесе тиісті жағдайларда ахуалды түнету және V бапқа сәйкес сақталуды қамтамасыз ету жөніндегі шараларға қатысты іс-қимылдар жасайды.

V. ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫЛЫҚ

42. Техникалық хатшылық осы Шартты жүзеге асыруда қатысушы мемлекеттерге жәрдемдеседі. Техникалық хатшылық Конференция мен Атқару кеңесіне оларға өздерінің функцияларын орындауларына жәрдемдеседі. Техникалық хатшылық оған осы Шартпен жүктелген бақылау функциясы мен басқа да функцияларды, сондай-ақ осы Шартқа сәйкес Конференция немесе Атқару кеңесі табыстаған функцияларды

жүзеге асырады. Техникалық хатшылықтың құрамына Халықаралық деректер орталығы оның ажырамас құрамы ретінде кіреді.

43. Осы Шарттың орындалуын бақылауға қатысты, IV бап пен Хаттамаға сәйкес Техникалық хатшылық функцияларына басқаларымен қатар мыналар кіреді:

- a) Халықаралық мониторинг жүйесін пайдалануды және оны үйлестіруді қадағалауға жауаптылық;
- b) Халықаралық деректер орталығын пайдалану;
- c) Халықаралық мониторинг жүйесінің деректерін ағымдағы негізде алуды, өңдеуді, талдауды жүзеге асыру және олар бойынша есеп беру;
- d) мониторинг жөніндегі станцияларды орнатуда және пайдалануда техникалық жәрдем мен қолдау көрсету;
- e) қатысушы мемлекеттер арасындағы консультациялар мен түсіндірулерге жәрдемдесуде Атқару кеңесіне көмек көрсету;
- f) жергілікті жерлердегі инспекцияларға қатысты сұрау салуларды алу және оларды өңдеу, осындай сұрау салуларды Атқару кеңесінің қарауына жәрдемдесу, жергілікті жерлердегі инспекцияны жүргізуге дайындықтарды жүзеге асыру және оларды жүргізу барысында техникалық қолдау көрсету және Атқару кеңесіне баяндамаларды ұсыну;
- g) қатысушы мемлекеттермен, басқа да мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен келіссөздер жолымен келісімдерді немесе уағдаластықтарды және Атқару кеңесінің алдын ала мақұлдауымен қатысушы мемлекеттермен немесе басқа да мемлекеттермен бақылау жөніндегі қызметке қатысты кез келген осындай келісімдерді немесе уағдаластықтарды әзірлеу; және
- h) осы Шарт арқылы бақылаудың басқа проблемалары бойынша қатысушы мемлекеттерге олардың ұлттық органдары арқылы жәрдемдесу.

44. Техникалық хатшылық IV бап пен Хаттамаға сәйкес бақылау режимінің түрлі құрамаларының жұмыс істеуін, реттейтін жедел басшылықтарды Атқару кеңесінің мақұлдауымен әзірлейді және жаңартады. Осы басшылықтар осы Шарттың немесе Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылмайды және Атқару кеңесінің мақұлдауымен Техникалық хатшылықпен өзгертіле алады. Техникалық хатшылық қатысушы мемлекеттерді жедел басшылықтардағы кез келген өзгерістер туралы шұғыл хабардар етеді.

45. Техникалық хатшылықтың әкімшілік мәселелерге қатысты функциялары:

- a) Ұйымның бағдарламалары мен бюджетінің жобасын дайындауды және Атқару кеңесіне ұсынуды;
- b) осы Шарттың жүзеге асырылуы туралы баяндаманы және Конференция немесе Атқару кеңесі сұратып алуы мүмкін басқа да баяндамаларды дайындауды және Атқару кеңесіне ұсынуды;
- c) Конференцияға, Атқару кеңесі мен басқа да көмекші органдарға әкімшілік және техникалық қолдау көрсетуді;

d) Ұйымның атынан осы Шарттың жүзеге асырылуына қатысты хабарларды ж о л д а у д ы және а л у д ы ; және

e) Ұйым мен басқа халықаралық ұйымдардың арасындағы кез келген келісімдерге қатысты әкімшілік міндеттерді жүзеге асыруды қамтиды.

46. Қатысушы-мемлекеттердің Ұйымға барлық сұрау салулары мен хабарламалары Бас директорға олардың ұлттық органдары арқылы беріледі. Сұрау салулар мен хабарламалар осы Шарттың ресми тілдерінің бірінде жазылады. Бас директор жауапта берілген сұрау салу немесе берілген хабарлама жазылған тілді пайдаланады.

47. Техникалық хатшылықтың Ұйымның бағдарламасы мен бюджетін дайындау және Атқару кеңесіне ұсыну міндеттеріне қатысында Техникалық хатшылық, Халықаралық мониторинг жүйесі құрамында құрылатын әрбір объект бойынша барлық шығыстарды анықтайды және осындай шығыстардың нақты есебін жүргізеді. Бағдарлама мен бюджет тәсілдемесіне ұқсас тәсілдеме Ұйым қызметінің барлық басқа түрлеріне қатысты қолданылады.

48. Техникалық хатшылық өзінің қызметін жүзеге асыру кезінде оған белгілі болған және тиісті қатысушы мемлекеттермен консультациялар жолымен шеше алмаған өзінің функцияларын орындауға байланысты туындаған кез келген проблемалар туралы Атқару кеңесін дереу хабардар етеді.

49. Техникалық хатшылық оның басшысы және бас әкімшілік лауазымдық адамы болып табылатын Бас директордан, және сондай ғылыми, техникалық және қажет болатын өзге де қызметшілерден тұрады. Бас директор Атқару кеңесінің ұсынысымен тағы да бір ғана мерзімге созылуы мүмкін төрт жыл мерзімге Конференцияда тағайындалады. Бірінші Бас директор Конференцияның алғашқы сессиясында Дайындық комиссиясының ұсынуымен тағайындалады.

50. Бас директор қызметкерлерді тағайындау және Техникалық хатшылықтың ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуіне қатысты Конференция мен Атқару кеңесіне есеп береді. Қызметкерлерді қызметке қабылдау мен қызмет жағдайларын белгілеуде, ең алдымен кәсіби біліктіліктің, тәжірибенің, жұмысқа қабілеттіліктің, құзыреттілік пен адалдықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету басшылыққа алынғаны жөн. Бас директор, инспекторлар, сондай-ақ мамандар санатындағы қызметкерлер мен кеңсе қызметшілері тек қатысушы мемлекеттердің азаматтары қатарынан тағайындалады. Қызметкерлерді кең ауқымдағы географиялық негізде таңдаудың маңыздылығына тиісті көңіл бөлінгені жөн. Қызметкерлерді алу Техникалық хатшылық міндеттерін тиісті дәрежеде орындауға қажетті қызметшілердің ең аз санын қамтамасыз ету принципіне сүйене отырып жүзеге асырылады.

51. Бас директор тиісті жағдайларда Атқару кеңесімен консультациядан кейін нақты проблемалар жөнінде ұсынымдар жасау үшін ғылыми сарапшылардың уақытша жұмыс т о п т а р ы н құ р а а л а д ы .

52. Бас директор, инспекторлар, инспекторлардың көмекшілері мен қызметкерлер

өз міндеттерін орындау кезінде Ұйым үшін бөгде қандай да болмасын үкіметтен немесе қайсыбір өзге көздерге сұрау салуға немесе нұсқаулар алуға тиіс емес. Олар тек Ұйым алдында жауапты, халықаралық лауазымдық адамдар ретіндегі жағдайларына жағымсыз әсер етуі мүмкін кез келген іс-қимылдардан тартынулары тиіс. Бас директор инспекциялық топ қызметі үшін жауапкершілікті өзіне алады.

53. Қатысушы мемлекеттердің әрқайсысы Бас директордың, инспекторлардың, инспекторлардың көмекшілерімен қызметкерлердің міндеттерінің қатаң халықаралық сипатын сыйлайды және өздерінің міндеттерін орындау кезінде оларға ықпал етуге әрекет жасамайды.

Е. АРТЫҚШЫЛЫҚТАР МЕН ИММУНИТЕТТЕР

54. Қатысушы мемлекеттер аумағында және оның юрисдикциясы мен бақылауына жататын кез келген басқа орында Ұйым өзінің функцияларын орындау үшін қандайлары қажет болса, сондай құқықтық қабілетті және сондай артықшылықтарды және иммунитеттерді пайдаланады.

55. Қатысушы мемлекеттердің делегаттары, сондай-ақ олардың орынбасарлары мен кеңесшілері, Атқару кеңесіне сайланған мүшелердің өкілдері, сондай-ақ олардың орынбасарлары мен кеңесшілері, Бас директор, инспекторлар, инспекторлардың көмекшілері мен Ұйымның қызметкерлері Ұйымға қатысты өз функцияларын тәуелсіз жүзеге асыру үшін қандайлары қажет болса, сондай артықшылықтарды және иммунитеттерді пайдаланады.

56. Осы бапта көрсетілген құқықтық қабілеттілік, артықшылықтар мен иммунитеттер Ұйым мен қатысушы мемлекеттер арасындағы келісімдерде, сондай-ақ Ұйым мен Ұйым орналасқан мемлекет арасындағы келісімдерде белгіленеді. Осындай келісімдер 26 h) және i) тармақшаларына сәйкес қаралады және мақұлданады.

57. Бас директор, инспектор, инспекторлардың көмекшілері мен Техникалық хатшылық қызметкерлері тексеру бойынша қызметті жүзеге асыру барысында 54 және 55-тармақтарға тәуелсіз, Хаттамада көрсетілген артықшылықтарды және иммунитеттерді пайдаланады.

І І І Б А П ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ШАРАЛАР

1. Әрбір қатысушы мемлекет өздерінің конституциялық рәсімдеріне сәйкес осы Шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындауға қажетті кез келген шараларды қолданады. А т а п а й т қ а н д а о л :

а) оның аумағының қай жерінде болмасын немесе оның юрисдикциясына жататын кез келген жерде жеке және заңды тұлғаларға, халықаралық құқықпен танылғандай, осы Шарт бойынша қатысушы мемлекетке тыйым салынған кез келген қызметпен айналысуға тыйым салу;

б) жеке адамдарға және заңды тұлғаларға оның бақылауындағы қай жерде болмасын осындай кез келген қызметпен айналысуға тыйым салу; және

с) халықаралық құқыққа сәйкес, оның азаматтығы бар жеке адамдарға қай жерде болмасын осындай кез келген қызметпен айналысуға тыйым салу үшін кез келген қажетті шараларды қолданады.

2. 1-тармақ бойынша міндеттемелерді жүзеге асыруға көмектесу үшін қатысушы мемлекеттердің әрқайсысы басқа қатысушы мемлекеттермен ынтымақтасады және тиісті нысанда құқықтық жәрдем көрсетеді.

3. Әрбір қатысушы мемлекет осы бапқа сәйкес қолданылған шаралар туралы Ұйымды хабардар етеді.

4. Әрбір қатысушы мемлекет Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін Ұлттық органды тағайындайды немесе құрады және бұл туралы осы қатысушы мемлекет үшін Шарттың күшіне енуі бойынша Ұйымды хабардар етеді. Ұлттық орган Ұйыммен және басқа қатысушы мемлекеттермен байланыс үшін үйлестіру орталығы ретінде бой көрсетеді.

I V

Б А П

БАҚЫЛАУ

A. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Шарттың сақталуы үшін бақылауды жүзеге асыру мақсатында келесі элементтерден тұратын бақылау режимі құрылады:

- a) Халықаралық мониторинг жүйесі;
- b) консультациялар мен түсіндірулер;
- c) жергілікті жерлердегі инспекция; және
- d) сенімді нығайту шаралары.

Осы Шарттың күшіне енуі кезінде бақылау режимі осы Шартта белгіленген бақылауға қатыстағы талаптарға жауап беретіндей жағдайда болуы тиіс.

2. Бақылау жөніндегі қызмет объективті ақпараттарға негізделеді, осы Шарттың мәнімен шектеледі және қатысушы мемлекеттердің егемендігін толық сыйлау негізінде және оның мақсаттарына тиімді және дер кезінде жетумен үйлесімді барынша аз араласу арқылы жүзеге асырылады. Қатысушы мемлекеттердің әрқайсысы бақылау құқығын теріс пайдаланудан тартынады.

3. Әрбір қатысушы мемлекет осы Шартқа сәйкес III баптың 4-тармағына сәйкес құрылатын өзінің Ұлттық органы арқылы Ұйыммен және басқа қатысушы мемлекеттермен осы Шарттың сақталуын бақылауға жәрдемдесу үшін басқалармен қатар:

a) бақылаудың осы шараларына қатысу және қажетті байланыстарды орнату үшін қажетті объектілерді құру;

b) Халықаралық мониторинг жүйесінің құрамына кіретін ұлттық станциялардан алынатын деректерді ұсыну;

c) тиісті жағдайларда консультациялар мен түсіндірулер процесіне қатысу;

d) жергілікті жерлердегі инспекцияларды жүргізуге арналған рұқсат өсіру; және

е) тиісті жағдайларда сенімді нығайту шараларына қатысу жолымен ынтымақтасуға міндеттенеді.

4. Барлық қатысушы мемлекеттер олардың техникалық және қаржылық мүмкіндіктеріне тәуелсіз бақылауға тең құқықтарды пайдаланады және өздеріне бақылауға келісудің тең міндеттемесін алады.

5. Осы Шарттың мақсаттары үшін қатысушы мемлекеттердің ешқайсысына ұлттық техникалық құралдардан алынатын ақпараттарды, мемлекеттердің егемендігін сыйлау принципін қоса алғанда, жалпы танылған халықаралық құқық принциптеріне сәйкес түрде пайдалануға тыйым салынбайды.

6. Қатысушы мемлекеттердің құқықтарына залалсыз осы Шартқа қатысы жоқ сезімтал қондырғыларды, қызмет түрлерін немесе орындық жағдайларды қорғайды, қатысушы мемлекеттер осы Шартта бекітілген бақылау режимінің элементтеріне немесе өз функцияларын 5-тармаққа сәйкес орындайтын ұлттық техникалық бақылау құралдарына кедергі жасамайды.

7. Қатысушы мемлекеттердің әрқайсысының сезімтал қондырғыларды қорғау жөнінде және осы Шартқа қатысы жоқ ақпараттар мен деректерді жария етуді болдырмау жөнінде шаралар қолдануға құқығы бар.

8. Бұдан басқа, бақылау жөніндегі қызмет барысында алынған азаматтық және әскери қызмет объектілеріне қатысы бар кез келген ақпараттардың құпиялығын қорғау үшін барлық қажетті шаралар қолданылады.

9. Осы Шартпен белгіленген бақылау режимі арқылы 8-тармақтың сақталуымен Ұйым алған ақпарат осы Шарттың және Хаттаманың тиісті ережелеріне сәйкес барлық қатысушы мемлекеттерге ұсынылады.

10. Осы Шарттың ережелері ғылыми мақсаттардағы деректермен халықаралық алмасуларды шектеуші ретінде түсіндірілмейді.

11. Қатысушы мемлекеттердің әрқайсысы бақылау режимін жетілдіру және бақылау тұрғысынан, қосымша технологиялық мониторингтің, электр-магнит импульстік мониторинг немесе жерсеріктік мониторинг секілді ықтимал мүмкіндіктерді зерделеуде, осы Шарттың сақталуын бақылаудың шығындары тұрғысынан, бұл орынды кезінде, пәрменділік пен тиімділікті көтеру жөніндегі нақты шараларды әзірлеу мақсатында Ұйыммен және басқа да қатысушы мемлекеттермен ынтымақтасуға міндеттенеді. Осындай шаралар оларды келісу бойынша осы Шарттың, Хаттаманың іс жүзінде бар ережелеріне немесе VII бапқа сәйкес Хаттамаға қосымша бөлімдері ретінде енгізіледі немесе тиісті жағдайларда II баптың 44-тармағына сәйкес жедел басшылықтарда көрсетіледі.

12. Қатысушы мемлекеттер осы Шарттың сақталуын бақылауда қолданылатын технологияға қатысты барынша неғұрлым толық алмасуға жәрдемдесу үшін өзара ынтымақтастықты дамытуға және барлық қатысушы мемлекеттерге олардың бақылау шараларын ұлттық деңгейде жүзеге асыруды дамыту мүмкіндігін қамтамасыз ету

мақсатында осындай алмасуларға қатысуға және осындай технологияларды қолданудан түскен игіліктерді бейбіт мақсаттарда пайдалануға міндеттенеді.

13. Осы Шарттың Ережелері қатысушы мемлекеттердің атом энергиясын бейбіт мақсаттарда пайдалануын одан әрі дамыту үшін экономикалық және техникалық прогресіне бөгеттер жасауды болдырмайтындай түрде жүзеге асырылады.

Техникалық хатшылықтың бақылау саласындағы міндеттері

14. Техникалық хатшылық осы Шарт пен Хаттамада көрсетілген бақылау саласындағы өзінің міндеттерін орындау кезінде осы Шарттың мақсаттары үшін қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастықта:

a) оның ережелеріне сәйкес осы Шарттың сақталуы үшін бақылауға қатысы бар деректер мен есептік өнімдерді алу мен тарату үшін және осы міндетке сай ғаламдық байланыстың инфрақұрылымын қостау үшін шаралар қолданады;

b) ағымдағы негізде деректерді сақтау және Техникалық хатшылық шеңберінде деректерді өңдеу үшін принципінде реттеуші орталық болып табылатын өзінің Халықаралық деректер орталығы арқылы:

i) Халықаралық мониторинг жүйесінен алынған деректерге қатысты сұрау салуларды алады және бастамашылығын жасайды;

ii) тиісті жағдайларда жергілікті жерлердегі инспекцияларды жүргізу және сенімді нығайту шараларын жүзеге асыру процесс нәтижесінде келіп түскен консультациялар мен түсіндірулерді алады; және

iii) осы Шарт пен Хаттамаға сәйкес қатысушы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардан басқа тиісті деректерді алады;

c) Халықаралық мониторинг жүйесі мен оның элементтерін құрайтындарының, сондай-ақ Халықаралық деректер орталығының қызметін қадағалайды, олардың тиісті жедел басшылыққа сәйкес жұмыс істеуін үйлестіреді және қамтамасыз етеді;

d) осы Шарттың сақталуына тиімді халықаралық бақылауды қамтамасыз ету үшін және сақтауға қатысты алаңдаушылықтарды тездетіп жоюға ықпал ету үшін ағымдағы негізде Халықаралық мониторинг жүйесі деректеріне қатысты өңдеуді, талдауды және есеп беруді келісілген рәсімдерге сәйкес жүзеге асырады;

e) барлық қатысушы мемлекеттердің қарамағына барлық деректерді алғашқыларын да өңделгендерін де - және кез келген есептік өнімдерді ұсынады, және де қатысушы мемлекеттердің әрқайсысы Халықаралық мониторинг жүйесі деректерін пайдалануға II баптың 7-тармағы мен осы баптың 8 және 13-тармақтарына сәйкес жауапкершілікте болады;

f) барлық қатысушы мемлекеттердің сақтаулы деректердің барлығына тең, ашық, қолайлы және дер кезінде қол жеткізуін ұсынады;

g) барлық деректерді - алғашқыларын да, өңделгендерін де - және есептік ұжатарды сақтайды;

h) Халықаралық мониторинг жүйесінен қосымша деректерге қатысты сұрау

салуларды үйлестіреді және осындай сұрау салуларға жәрдемдеседі;

і) бір қатысушы мемлекеттің екінші қатысушы мемлекетке қосымша деректерге қатысты сұрау салуларын үйлестіреді;

ж) осындай жәрдем мен осындай қолдау тиісті мемлекетке қажет болған жерде мониторинг жөніндегі объектілер мен тиісті байланыс құралдарын орналастыру мен пайдалануда техникалық жәрдем мен қолдауды көрсетеді;

к) кез келген қатысушы мемлекеттің қарамағына оның сұрау салуы бойынша бақылау режимінен алынатын деректерге қатысты құранды еңбек, сақтау, өңдеу, талдау мен есептемесі үшін Техникалық хатшылық пен Халықаралық деректер орталығы пайдаланатын әдістерді ұсынады; және

л) тұтас алғанда Халықаралық мониторинг жүйесі мен Халықаралық деректер орталығының қызметіне қатысты бақылау, бағалау, есеп беруді жүзеге асырады.

15. Техникалық хатшылық өзінің міндеттерін орындау кезінде пайдалануға жататын 14-тармақта көрсетілген және Хаттамада егжей-тегжейленген келісілген рәсімдер бақылау саласындағы тиісті жедел басшылықтарда дамытылады.

V. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МОНИТОРИНГ ЖҮЙЕСІ

16. Халықаралық мониторинг жүйесі сейсмологиялық мониторингті, радионуклидтік мониторингті, сертификатталған зертханаларды қоса алғанда, гидроакустикалық мониторинг, инфрадыбыстық мониторинг үшін объектілерді және тиісті байланыс құралдарын қамтиды және Техникалық хатшылықтың Халықаралық деректер орталығымен қосталады.

17. Халықаралық мониторинг жүйесіне Техникалық хатшылықтың басшылығына беріледі. Халықаралық мониторинг жүйесі шеңберіндегі мониторинг жөніндегі бүкіл объектілер Хаттамаға сәйкес оларды қабылдайтын немесе олар үшін өзгедей түрде жауапкершілік алатын мемлекеттердің меншігіне жатады және олармен п а й д а л а н ы л а д ы .

18. Әрбір қатысушы мемлекет деректермен халықаралық алмасуға қатысуға және Халықаралық деректер орталығының қарамағына ұсынылатын деректерге қол жеткізуге құқығы бар. Қатысушы мемлекеттердің әрқайсысы Халықаралық деректер орталығымен өздерінің Ұлттық орталығы арқылы ынтымақтасады.

Халықаралық мониторинг жүйесін қаржыландыру

19. Халықаралық мониторинг жүйесіне енгізілген және Хаттаманың 1-қосымшасының 1-А, 2-А, 3 және 4-кестелерінде көрсетілген объектілерге қолданыста және Хаттама мен тиісті жедел басшылықтың техникалық талаптарына сәйкес Халықаралық деректер орталығына деректерді ұсыну үшін тиісті мемлекеттермен және Ұйыммен осындай объектілер қалай келісілсе, сондай шамада олардың қызметіне қолданыста Ұйым, Хаттаманың 1 бөлімінің 4-тармағына сәйкес ол келісімдерде немесе уағдаластықтарда көрсетілгеніндей:

а) кез келген жаңа объектілерді құру және қолда бар объектілерді жаңғыртуға, егер

тек осы шығыстарды осы объектілерге жауапты мемлекеттердің өздері өтемесе;

b) тиісті жағдайларда объектілерді физикалық қорғау мен деректерді түпнұсқалаудың келісілген рәсімдерін қолдануды қоса алғанда, Халықаралық мониторинг жүйесінің объектілерін пайдалану мен қолдауға;

c) Халықаралық мониторинг жүйесінің деректерін (алғашқыларын немесе өңделгендерін) Халықаралық деректер орталығына, қолдағы бар қаражаттардың шығындары тұрғысынан неғұрлым тікелейінің және тиімдісінің көмегімен, соның ішінде қажет кезінде тиісті байланыс желілері арқылы, мониторинг станциясынан, зертханалардан, талдау объектілерінен немесе ұлттық деректер орталықтарынан, не осындай деректерді (тиісті жағдайларда сынамаларды қоса алғанда) мониторинг станциясынан зертханалық және талдау объектілеріне беруге; және

d) Ұйым тапсырмасымен сынамаларды талдауға арналған шығыстарды өтейді.

20. Хаттаманың 1-қосымшасының 1-В кестесінде көрсетілген көмекші желілердің сейсмикалық станцияларына қолданылатын, Ұйым, Хаттаманың I бөлімінің 4-тармағына сәйкес келісімдерде немесе уағдаластықтарда көрсетілгендей, тек мыналар жөніндегі шығыстарды өтейді:

a) Халықаралық деректердің орталығына деректер беру;

b) осындай станциялар деректерін түпнұсқалау;

c) станцияларды талап етілетін техникалық деңгейге дейін жаңғырту, егер тек бұл шығыстарды осындай объектілерге жауапты мемлекеттер өздері өтемесе;

d) осы Шарт мақсаты үшін осы сәтте тиісті объектілер жоқ жерлерде жаңа станцияларды құру қажет кезінде, егер тек бұл шығыстарды осындай объектілерге жауапты мемлекеттер өздері өтемесе; және

e) тиісті жедел басшылықтарда көрсетілгендей, Ұйым талап ететін деректерді ұсынумен байланысты кез келген басқа шығыстарды.

21. Хаттаманың I бөлімінің F бөлігінде көрсетілгендей, сондай-ақ Ұйым қатысушы мемлекеттердің әрқайсысына олар сұраған есептемелі өнімдердің стандартты жиынынан топтамаларды және Халықаралық деректер орталығының қызмет көрсетулерін берумен байланысты шығыстарды өтейді. Кез келген қосымша деректерді немесе өнімдерді әзірлеу мен беру жөніндегі шығыстарды сұрау салушы қатысушы мемлекеттер өтейді.

22. Келісімдер немесе тиісті жағдайларда қатысушы мемлекеттермен немесе Халықаралық мониторинг жүйесінің объектілерін қабылдайтын мемлекеттермен немесе оларға өзгеше түрде жауапты болуға уағдаластықтар осы шығыстарды өтеуге қатысты ережелерді қамтиды. Осындай ережелер соған сәйкес қатысушы мемлекет ол қабылдайтын немесе ол өзі жауапты объектілерге қолданыста 19 а) және 20 с) мен d) тармақтарында ескерілген кез келген шығыстарды өтеу шарттарын қамти алады және оның Ұйымға есептелген қаржылық жарнасынан тиісті қысқарту жолымен өтемақы алады. Осындай қысқарту қатысушы мемлекеттің жылдық есептелген қаржылық

жарнасының 50 пайызынан аспауы керек, бірақ бірінен соң бірі келетін жылдар қатарына үлестірілмеуге тиіс. Қатысушы мемлекет осындай қысқартуды басқа қатысушы мемлекетпен олардың арасындағы келісім немесе уағдаластықтар негізінде және Атқару кеңесінің келісімімен бөлісе алады. Осы бапта ескерілген келісімдер мен уағдаластықтар II баптың h) және 38 i) тармақшаларына сәйкес мақұлданады.

Халықаралық мониторинг жүйесіндегі өзгертулер

23. Халықаралық мониторинг жүйесіне мониторинг технологиясын қосу немесе шығару арқылы қозғайтын 11-тармақта ескерілген кез келген шаралар, келісім бойынша VII баптың 1-6 тармақтарына сәйкес осы Шарт пен Хаттамаға енгізіледі.

24. Халықаралық мониторинг жүйесіне кез келген келесі өзгерістер:

a) осы мониторинг технологиясы үшін Хаттамада көрсетілген объектілердің санын өзгерту ; және

b) Хаттаманың 1-қосымшасындағы кестелерде көрсетілген нақты объектілер бойынша басқа бөлшектерді өзгерту (басқаларымен бірге, объектіге жауапты мемлекетті; орналасқан жерін; объектінің атауын; объектінің түрін; және объектінің алғашқы және көмекші сейсмикалық жүйелерге жатқызуды қоса алғанда) әкімшілік немесе техникалық сипаттағы мәселе ретінде тікелей қатысты мемлекеттердің келісімімен VII баптың 7 және 8-тармақтарына сәйкес қаралады.

Егер Атқару кеңесі VII баптың 8 b)-тармағына сәйкес осындай өзгертулерді қабылдауды ұсынса, ол, әдетте, сондай-ақ VII баптың 8 g)-тармағына сәйкес осындай өзгертулер олардың мақұлданғаны туралы Бас директордың хабардар етуімен күшіне енуін ұсынады .

25. VII баптың 8 b)-тармағына сәйкес Атқару кеңесі мен қатысушы мемлекеттерге ақпараттарды ұсыну және бағалау кезінде Бас директор 24-тармаққа сәйкес кез келген ұсыныстар жағдайында :

a) ұсыныстарды техникалық бағалауын;
b) ұсыныстарға әкімшілік және қаржылық әсеріне қатысты өтінішті; және
c) тікелей қатысы бар мемлекеттермен, олардың келісімін көрсетуді қоса алғанда, консультациялар туралы баяндама келтіреді.

Уақытша шаралар

26. Хаттаманың I-қосымшасында көрсетілген мониторинг бойынша объектіден елеулі немесе қайтарымыз бас тарту жағдайында, немесе мониторингпен қамтылудың басқа қысқартуларын өтеу мақсатында Бас директор тікелей қатысты мемлекеттермен консультацияларда немесе уағдаластық бойынша және Атқару кеңесінің мақұлдауымен ұзақтығы бір жылдан аспайтын, қажет болған жағдайда Атқару кеңесінің және тікелей қатысты мемлекеттердің келісімімен тағы бір жылға созылатын уақытша шараларды жүзеге асыруды бастайды. Осындай шаралар, тиісті желілерге қолданыста көрсетілген Халықаралық мониторинг жүйесінің жұмыс істеп тұрған объектілерінің санының өсуіне алып келмейді; тиісті желі бойынша жедел басшылықта көрсетілген техникалық

және пайдалану талаптарына мүмкіндігіне қарай сәйкес болады; және Ұйым бюджеті шегінде жүргізіледі. Бұдан басқа, Бас директор түзету бойынша қадамдар жасайды және оны ақырғы реттеу қатысында ұсыныс жасайды. Бас директор осы тармаққа сәйкес қабылданған кез келген шешім туралы барлық қатысушы мемлекеттерді хабардар етеді.

Ынтымақтасатын ұлттық объектілер

27. Қатысушы мемлекеттер ынтымақтастық негізінде Халықаралық деректер орталығының қарамағына Халықаралық мониторинг жүйесінің құрамына ресми түрде енбейтін мониторингтің ұлттық орталығынан қосымша деректерді ұсыну үшін Ұйыммен рәсімдерді дербес белгілей алады.

28. Осындай тәртіптер ынтымақтастық негізінде мынадай түрде орнатыла алады:

а) қатысушы мемлекеттің сұрау салуы бойынша және осы мемлекет есебінен Техникалық Хатшылық мониторинг бойынша осы объект Халықаралық мониторинг жүйесі бойынша тиісті жедел басшылықтарда көрсетілген техникалық және пайдалану талаптарына сай екенін сертификациялау үшін қажетті қадамдар жасайды және оның деректерін түпнұсқаландыру үшін шаралар қолданады. Осыдан кейін Техникалық хатшылық Атқару кеңесінің келісімімен осындай объектіні ынтымақтасатын ұлттық объект ретінде ресми тағайындайды. Техникалық хатшылық тиісті жағдайларда оның сертификациясын растау үшін қажетті қадамдарды жасайды;

б) Техникалық хатшылық ынтымақтасатын ұлттық объектілердің ағымдағы тізілімін жүргізеді және оны барлық қатысушы мемлекеттер арасында таратады; және

с) Халықаралық деректер орталығы қатысушы мемлекеттердің консультациялар мен түсіндірулерге және жергілікті жердегі инспекцияға қатысты сұрау салуларды қарауға жәрдемдесу мақсатында тиісті сұрау салумен өтініш жасаған жағдайда ынтымақтастықтағы ұлттық объектілерден деректерге сұрау салады, және де деректерді беру жөніндегі шығыстарды осы қатысушы мемлекет өтейді.

Осындай объектілерден қосымша деректерді ұсыну және Халықаралық деректер орталығы қосымша немесе шұғыл хабарламаларға немесе түсіндірмелерге сұрау сала алатын жағдайлар мониторингтің тиісті желісі бойынша Жедел басшылықта егжей-тегжейленеді.

С. КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР МЕН ТҮСІНДІРУЛЕР

29. Кез келген қатысушы мемлекеттің құқығы үшін залалсыз қатысушы мемлекет кез келген уақытта, ол мүмкін кезде, жергілікті жерлердегі инспекцияға сұрау салуда осы Шарт бойынша негізгі міндеттемелердің болуы ықтимал сақталмауына қатысты алаңдаушылық тудыруы мүмкін кез келген мәселені алдымен өзара немесе Ұйыммен не Ұйым арқылы айқындау және реттеу үшін барлық күш-жігерді қолданады.

30. 29-тармаққа сәйкес тікелей басқа қатысушы мемлекеттен сұрау салу алған қатысушы мемлекет сұрау салған қатысушы мемлекетке түсіндірулерді барынша тез, бірақ кез келген жағдайда сұрау салудан кейін 48 сағаттан кешікпей ұсынады. Сұрау

салған және сұрау салынған қатысушы мемлекет сұрау салу мен жауап туралы Атқару кеңесі мен Бас директорды хабардар ете алады.

31. Қатысушы мемлекет Бас директорға осы Шарт бойынша негізгі міндеттемелердің болуы ықтимал орындалмауына қатысты алаңдаушылық тудыруы мүмкін кез келген мәселе жөнінде түсіндіруге жәрдемдесу туралы сұрау сала алады. Бас директор осындай алаңдаушылыққа қатысты Техникалық хатшылықтың қарамағындағы тиісті ақпаратты ұсынады. Сұрау салушы қатысушы мемлекет тиісті сұрау салуымен өтінген жағдайда Бас директор сұрау салу туралы және ұсынылған жауап туралы Атқару кеңесін хабардар етеді.

32. Қатысушы мемлекеттің басқа қатысушы мемлекеттен осы Шарттың болуы күдік орындалмауына қатысты алаңдаушылық тудырған кез келген мәселе жөнінде түсіндіру алуға қатысты Атқару кеңесіне сұрау салуға құқығы бар. Мұндай жағдайда келесілер қ о л д а н ы л а д ы :

a) Атқару кеңесі сұрау салынған қатысушы мемлекетке түсіндіруге қатысты сұрау салуды оны алғаннан кейін 24 сағаттан кешіктірмей Бас директор арқылы қайта ж ө н е л т е д і ;

b) сұрау салынған қатысушы мемлекет Атқару кеңесіне түсіндіруді барынша тез, бірақ кез келген жағдайда сұрау салуды алғаннан кейін 48 сағаттан кешіктірмей ұ с ы н а д ы ;

c) Атқару кеңесі түсіндіруді назарға алады және сұрау салушы қатысушы мемлекетке оны алғаннан кейін 24 сағаттан кешіктірмей қайта жөнелтеді;

d) егер сұрау салушы қатысушы мемлекет түсіндіруді жеткіліксіз деп тапса, ол сұрау салынатын қатысушы мемлекеттен қосымша түсіндірулерді алуға қатысты Атқару кеңесіне сұрау салуға құқығы бар.

Атқару кеңесі барлық басқа мемлекеттерді осы тармаққа сәйкес кез келген түсіндіруге қатысты сұрау салу туралы, сонымен қатар сұрау салушы қатысушы мемлекеттерге ұсынылған кез келген жауап туралы шұғыл хабардар етеді.

33. Егер сұрау салушы қатысушы мемлекет 32 d) тармақ бойынша алынған түсіндіруді қанағаттанғысыз деп тапса, ол Атқару кеңесінің мүшесі болып табылмайтын қатысушы мемлекеттер қатысуға құқылы Атқару кеңесінің мәжілісін шақыруға құқығы бар. Осындай мәжілісте Атқару кеңесі осы мәселені қарайды және V бапқа сәйкес кез келген шараны ұсынады.

D. ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ ИНСПЕКЦИЯЛАР

Жергілікті жерлердегі инспекцияға қатысты сұрау салу

34. Әрбір қатысушы мемлекеттің осы баптың ережелері мен Хаттаманың II бөліміне сәйкес аумақта немесе кез келген қатысушы мемлекеттің юрисдикциясына және бақылауына жататын кез келген басқа жерде немесе кез келген мемлекеттің юрисдикциясы мен бақылауынан тыс жердегі кез келген ауданда орнындағы инспекцияға сұрау салуға құқығы бар.

35. Жергілікті жерлердегі инспекцияның жалғыз мақсаты I бапты бұзумен шындығында ядролық қарудың сынақ жарылысы немесе кез келген басқа ядролық жарылыс жүргізілгенін анықтау және, бұл қанша мүмкіндігі болғанша, кез келген ықтимал бұзушыны ұқсастыруға көмектесетін кез келген фактілерді жинау.

36. Сұрау салушы қатысушы мемлекет жергілікті жерлердегі инспекцияға қатысты сұрау салуда осы Шарт қызметінің аясы шеңберінен шықпауға және сұрау салуда 37-тармаққа сәйкес ақпаратты ұсынуға міндетті. Сұрау салушы қатысушы мемлекет инспекцияға қатысты негізсіз немесе теріс пиғылды сұрау салулардан тартынады.

37. Жергілікті жерлердегі инспекцияға қатысты сұрау салу жалпы танылған халықаралық құқық принциптеріне немесе олардың үйлесімділігіне сәйкес түрде Халықаралық мониторинг жүйесі жинаған ақпаратқа, ұлттық техникалық құралдарымен алынған кез келген тиісті техникалық ақпаратқа негізделеді. Сұрау салуда Хаттаманың II бөлімінің 41-тармағына сәйкес ақпарат болады.

38. Сұрау салушы қатысушы мемлекет жергілікті жерлердегі инспекцияға қатысты сұрау салуды Атқару кеңесіне және бір мезгілде соңғысы оны жедел өндеуді бастауы үшін Бас директорға ұсынады.

Жергілікті жерлердегі инспекцияға қатысты сұрау салуды ұсынғаннан кейін болатын іс-шаралар

39. Атқару кеңесі жергілікті жерлердегі инспекцияға қатысты сұрау салуды алысымен өзінің қарауын бастайды.

40. Бас директор жергілікті жерлердегі инспекцияға қатысты сұрау салуды алғаннан кейін екі сағаттық мерзімде сұрау салушы қатысушы мемлекетке сұрау салуды алғанын растайды және алты сағат мерзімде осы сұрау салуды, оған қатысты инспекция сұралынған қатысушы мемлекетке жолдайды. Бас директор сұрау салудың Хаттаманың II бөлімінің 41-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес екендігіне көз жеткізеді және қажет кезінде сұрау салушы қатысушы мемлекетке сұрау салуды тиісті түрде ресімдеуге көмектеседі, сондай-ақ сұрау салуды 24 сағаттық мерзімде Атқарушы кеңеске және басқа қатысушы мемлекеттерге жолдайды.

41. Жергілікті жерлердегі инспекциялауға қатысты сұрау салу талаптарға сай болған кезде Техникалық хатшылық жергілікті жерлердегі инспекцияға дайындауды дереу бастайды.

42. Жергілікті жердегі инспекцияға қатысты, осы немесе басқа қатысушы мемлекеттің юрисдикциясына және бақылауына жататын инспекция ауданы ескерілген сұрау салуды алысымен Бас директор инспекциялауға сұрау салуда мазмұндалған алаңдаушылықты айқындау және жою үшін сұрау салуға қатысты қатысушы мемлекеттен дереу түсіндірме беруін сұрайды.

43. 42-тармаққа сәйкес түсіндіруге қатысты сұрау салуды алушы қатысушы мемлекет Бас директорға түсіндірулер мен басқа да тиісті ақпараттарды барынша тез, бірақ түсіндіруге қатысты сұрау салуды алғаннан кейін 72 сағаттан кешіктірмей,

ұ с ы н а д ы .

44. Атқару кеңесі жергілікті жерлердегі инспекцияға қатысты сұрау салу жөнінде шешім қабылдаудан бұрын Бас директор Атқару кеңесіне дереу сұрау салуда көрсетілген құбылысқа қатысты Халықаралық мониторинг жүйесінен түскен кез келген қосымша ақпараттарды немесе кез келген қатысушы мемлекет 42 және 43-тармақтарға сәйкес ұсынылған түсіндірулерді, сондай-ақ Бас директор орынды деп санайтын немесе Атқару кеңесі сұрау салған Техникалық хатшылықтағы кез келген басқа да ақпаратты б е р е д і .

45. Егер сұрау салушы қатысушы мемлекет сұрау салуда жергілікті жерлердегі инспекцияға қатысты мазмұндалған алаңдаушылық жойылды деп таппаса және сұрау салуды қайтарып алмаса, Атқару кеңесі осы сұрау салу бойынша 46-тармаққа сәйкес шешім қабылдайды.

Атқару кеңесінің шешімі.

46. Сұрау салушы қатысушы мемлекеттен сұрау салуды алғаннан кейін 96 сағаттан кешіктірмей Атқару кеңесі жергілікті жерлердегі инспекцияға қатысты сұрау салу жөнінде шешім қабылдайды. Жергілікті жерлердегі инспекцияны мақұлдау туралы шешім Атқару кеңесінің ең кем дегенде 30 "иә" деген дауысымен қабылдайды. Егер Атқару кеңесі инспекцияны мақұлдаса, онда дайындық тоқтатылады және сұрау салу бойынша бұдан әрі іс-қимылдар жасалмайды.

47. Жергілікті жерлердегі инспекцияны мақұлдағаннан кейін 25 күннен кешіктірмей 46-тармаққа сәйкес инспекциялық топ Атқару кеңесіне Бас директор арқылы инспекцияның барысы туралы баяндаманы табыс етеді. Атқару кеңесі инспекцияның барысы туралы баяндаманы алғаннан кейін 72 сағаттан кешіктірмей өзінің мүшелерінің көпшілік дауысымен инспекцияны жалғастырмау туралы шешім қабылдаса, инспекцияны жалғастыру мақұлданды деп саналады. Егер Атқару кеңесі инспекцияны жалғастырмау туралы шешім қабылдаса, инспекция тоқтатылады және инспекциялық топ инспекция ауданы мен инспекцияланушы қатысушы мемлекеттің аумағын II Хаттаманың 109 және 110 бөліміне сәйкес мүмкіндігіне қарай тез арада тастап кетеді.

48. Жергілікті жерлердегі инспекция барысында инспекциялық топ Бас директор арқылы бұрғылауды жалғастыру туралы Атқару кеңесіне ұсыныс жасай алады. Атқару кеңесі осындай ұсыныс бойынша шешімді ұсынысты алғаннан кейін 72 сағаттан кешіктірмей қабылдайды. Бұрғылауды мақұлдау туралы шешім Атқару кеңесінің көпшілік дауысымен қабылданады.

49. Инспекциялық топ инспекция уақытын Хаттаманың II бөлімінің 4-тармағында көрсетілген 60 күндік мерзімнен тыс әрі кеткенде 70 күнге ұзартуға қатысты, егер инспекциялық топ осы ұзарту өзінің мандатын орындауда елеулі мәні бар деп санаса, Бас директор арқылы Атқару кеңесіне сұрау салумен жүгіне алады. Инспекциялық топ өзінің сұрау салуында ұзарту мерзімінде Хаттаманың II бөлімінің 69-тармағында санамаланған қызметтің қандай түрлерін және әдістерінің қайсысын ол жүзеге асыруға

және пайдалануға ниетті екендігін көрсетеді. Атқару кеңесі мерзімді ұзартуға қатысты сұрау салу бойынша шешімді осы сұрау салуды алғаннан кейін 72 сағаттан кешіктірмей қабылдайды. Инспекцияны ұзартуды мақұлдау туралы шешім Атқару кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

50. Жергілікті жерлердегі инспекцияны ұзартуды мақұлдағаннан кейін кез келген уақытта инспекциялық топ 47-тармаққа сәйкес инспекцияны тоқтату туралы Бас директор арқылы Атқару кеңесіне ұсыныс жасай алады. Осындай ұсыныс, егер Атқару кеңесі ұсынысты қабылдағаннан кейін 72 сағаттан кешіктірмей өз мүшелерінің үштен екі көпшілік дауысымен инспекцияны тоқтатуды мақұлдамау туралы шешімді қабылдасаса, мақұлданды деп саналады. Инспекцияны тоқтатқан жағдайда, Хаттаманың II бөлімінің, 109 және 110-тармақтарына сәйкес барынша тез инспекциялық топ инспекция ауданы мен қатысушы мемлекеттің инспекция аумағын т а с т а п к е т е д і .

51. Сұрау салушы қатысушы мемлекет және оған қатысты инспекцияға сұрау салынған қатысушы мемлекет дауыс беруге қатыспай Атқару кеңесінің жергілікті жерлердегі инспекцияға сұрау салуға қатысты пікірсайысына қатыса алады. Сұрау салушы қатысушы мемлекет және инспекцияланатын қатысушы мемлекет дауыс беруге қатыспай Атқару кеңесінің инспекциялауға қатысты кез келген келесі пікір-сайысына қатыса алады.

52. Бас директор 46-50-тармақтарға сәйкес 24 сағаттық мерзімде барлық қатысушы мемлекеттерді Атқару кеңесінің кез келген шешімі туралы және Атқару кеңесіне ұсынылған баяндамалар, ұсыныстар, сұрау салулар мен ұсынымдар туралы хабардар етеді.

Атқару кеңесі жергілікті жерлердегі инспекцияны мақұлдағаннан кейін болатын іс-шаралар

53. Атқару кеңесі мақұлдаған жергілікті жерлердегі инспекция Бас директор тағайындаған инспекциялық топпен және осы Шарт пен Хаттама ережелеріне сәйкес дереу жүргізіледі. Сұрау салушы қатысушы мемлекеттен жергілікті жерлердегі инспекцияға қатысты сұрау салуды Атқару кеңесі алғаннан кейін инспекциялық топ келу орнына алты күннен кешікпей жетеді.

54. Бас директор жергілікті жерлердегі инспекцияны жүргізу үшін инспекцияға мандат береді. Инспекция мандатында Хаттаманың II бөлімінің 42-тармағында көрсетілген ақпарат мазмұндалады.

55. Бас директор Хаттаманың II бөлімінің 43-тармағына сәйкес инспекция туралы инспекцияланатын қатысушы мемлекетті инспекциялық топтың келу орнына жоспарлы жетуіне дейін 24 сағаттан кешікпей хабардар етеді.

Жергілікті жерлердегі инспекцияны жүргізу

56. Әрбір қатысушы мемлекет осы Шарттың ережелері мен Хаттамаға сәйкес өзінің аумағында немесе оның юрисдикциясына және бақылауына жататын жерлерде

жергілікті жерлердегі инспекцияны жүргізуге Ұйымға рұқсат береді. Бірақ ешқандай қатысушы мемлекет бір мезгілде өзінің аумағында немесе оның юрисдикциясына немесе бақылауына жататын жергілікті жердегі инспекцияларды қабылдауға міндетті емес.

57. Осы Шарт ережелері мен Хаттамаға сәйкес инспекцияланушы қатысушы мемлекеттің:

а) оның осы Шарттың сақталуын жария ету үшін ол барлық ақылға қонымды күш-жігерлерді қолдануына және осы мақсатта инспекциялық топқа өз мандатын орындауға мүмкіндік беру құқығы мен міндеттемелері;

б) ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қорғау үшін ол қажет деп санайтын және инспекция мақсатына қатысы жоқ құпия ақпараттардың жариялануын болдырмау үшін шараларды қолдану құқығы;

с) инспекциялау ауданы шегінде тек инспекция мақсатына қатысты фактілерді айқындаудың бір ғана мақсатында, б) тармақшасын ескеріп және меншік құқығы немесе тінтулер мен секвестрлерге қатысы бар кез келген конституциялық міндеттерге қол жеткізуді ұсыну міндеттемелері;

д) осы тармақты немесе Хаттаманың II бөлімінің 88-тармағын I бап бойынша өз міндеттемелерінің кез келген бұзушылығын жасыру үшін пайдаланбау міндеттемесі; және

е) инспекциялық топтың инспекция ауданы шектерінде орын ауыстыру және инспекциялық қызметті осы Шарт пен Хаттамаға сәйкес жүзеге асыру мүмкіндігін қиындатпау міндеттемесі болады.

Жергілікті жерлердегі инспекцияның толық мәніне қол жеткізу инспекциялық топтың және инспекциялық құрал жабдықтардың инспекция ауданына нақты қол жеткізуін, сол сияқты инспекциялық қызметті оның шектерінде жүргізуді білдіреді.

58. Жергілікті жерлердегі инспекция инспекция мандатын тиімді және дер кезінде жүзеге асырумен үйлесімді барынша мүмкін аз араласушылық түрінде және Хаттамада мазмұндалған тәртіптерге сәйкес жүргізіледі. Әр кезде, бұл мүмкін болғанда, инспекциялық топ барынша аз араласушылық рәсімімен бастайды және одан кейін ол осы Шарттың сақталмауына қатысты алаңдаушылықты анықтау мақсатында жеткілікті ақпарат жинау үшін қажет деп санаған жағдайда көбірек араласу рәсімдеріне көшеді. Инспекторлар тек осы инспекциялау мақсаты үшін қажетті ақпараттар мен деректерді алуға тырысады және инспекцияланушы қатысушы мемлекеттердің қалыпты операцияларына араласуды барынша болдырмауға тырысады.

59. Инспекцияланушы қатысушы мемлекет жергілікті жерлердегі инспекцияның өн бойында инспекциялық топқа жәрдем көрсетеді және оның өз міндетін орындауына көмектеседі.

60. Егер инспекцияланушы қатысушы мемлекет Хаттаманың II бөлімінің 86-96-тармақтарына сәйкес әрекет ете отырып, инспекция ауданы шегінде қол жеткізуді

шектесе, ол инспекциялық топпен консультацияда өзінің осы Шартты сақтауын баламалы құралдар көмегімен көрсету үшін барлық ақылға сыйымды күш-жігерлерді қолданады.

Бақылаушы

61. Бақылаушыға қатысты келесілер қолданылады:

а) сұрау салушы қатысушы мемлекет инспекцияланушы қатысушы мемлекеттің келісімімен не қатысушы мемлекеттің, не үшінші қатысушы мемлекеттің, азаматы болып табылатын өкілін жергілікті жерлердегі инспекцияны жүргізуді бақылау үшін жібереді;

б) Атқару кеңесі жергілікті жерлердегі инспекцияны мақұлдағаннан кейін 12 сағаттық мерзімде инспекцияланушы қатысушы мемлекет ұсынылған бақылаушыны қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы Бас директорды хабардар етеді;

с) инспекцияланушы қатысушы мемлекет қабылдаған жағдайда бақылаушыға Хаттамаға сәйкес қол жеткізуді ұсынады;

д) инспекцияланушы қатысушы мемлекет, әдеттегідей, ұсынылған бақылаушыны қабылдайды, бірақ егер инспекцияланушы қатысушы мемлекет өзінің бас тарту құқығын пайдаланса, бұл факті инспекция туралы баяндамада тіркеледі.

Сұрау салушы қатысушы мемлекеттердің жалпы санынан үшеуден артық емес бақылаушы жіберіледі.

Жергілікті жерлердегі инспекция туралы баяндамалар

62. Инспекция туралы баяндамаларда мыналар мазмұндалады:

а) инспекциялық топ жүргізген қызметтің сипаттамасы;

б) инспекциялық топтың инспекцияның мақсатына қатысы бар фактологиялық тұжырымдары;

с) жергілікті жерлердегі инспекция барысында көрсетілген ынтымақтастық туралы есеп;

д) жергілікті жерлердегі инспекция барысында, топқа ұсынылған баламалы құралдарды қоса алғанда, ұсынылған қол жеткізу деңгейінің фактологиялық сипаттамасы; және

е) инспекция мақсатына қатысты кез келген басқа да нақтылықтар.

Баяндамаға инспекторлардың ерекше пікірлері қосымша тіркелуі мүмкін.

63. Бас директор инспекцияланушы қатысушы мемлекеттің қарамағына инспекция туралы баяндамалар жобаларын ұсынады. Инспекцияланушы қатысушы мемлекет Бас директорға 48 сағаттық мерзімде өзінің ескертулері мен түсіндірулерін беруге, сондай-ақ оның пікірінше, инспекция мақсатына қатысы жоқ және Техникалық хатшылықтың шегінен тыс таратылмауы тиіс кез келген деректер мен мәліметтерді анықтауға құқылы. Бас директор инспекцияланушы қатысушы мемлекет ұсынған инспекциялау туралы баяндаманың жобасындағы өзгерістер туралы ұсыныстарды қарайды және оларды, бұл мүмкін болса, әр кезде қосып отырады. Бас директор сол

сияқты инспекция туралы баяндамаға инспекцияланушы қатысушы мемлекет ұсынған ескертулер мен түсіндірулерді қосымша тіркейді.

64. Бас директор инспекция туралы баяндаманы сұрау салушы қатысушы мемлекетке, инспекцияланушы қатысушы мемлекетке, Атқару кеңесіне және барлық басқа да қатысушы мемлекеттерге кешіктірмей табыс етеді. Бас директор Атқару кеңесі мен барлық басқа да қатысушы мемлекеттерге Хаттаманың II бөлімінің 104-тармағына сәйкес тағайындалған зертханаларда жүргізілген сынамалар талдауының кез келген нәтижелерін, Халықаралық мониторинг жүйесіндегі тиісті деректерді, сұрау салушы және инспекцияланушы қатысушы мемлекеттердің бағаларын, сондай-ақ Бас директор орынды деп санаған кез келген басқа да ақпараттарды дереу табыс етеді. 47-тармақта аталған инспекция барысы туралы баяндамаға қатысты Бас директор оны Атқару кеңесіне осы тармақта көрсетілген мерзімдерде табыс етеді.

65. Атқару кеңесі өзінің өкілеттіктері мен функцияларына сәйкес инспекция туралы баяндаманы және 64-тармаққа сәйкес ұсынылған кез келген материалды қарайды және келесіге қатысты кез келген алаңдаушылықтарды қарайды:

- a) осы Шартты қандай да бір сақтамау орын алды ма; және
- b) жергілікті жерлердегі инспекцияға қатысты сұрау салу құқығын теріс пайдалану о р ы н а л д ы м а .

66. Егер Атқару кеңесі өзінің өкілеттіктері мен функцияларына сәйкес, 65-тармаққа байланысты бұдан былайғы іс-қимылдар қажет деген тұжырымға келсе, ол V бапқа сәйкес тиісті шараларды қолданады.

Жергілікті жерлердегі инспекциялауға қатысты ойдан шығарылған немесе теріс пиғылды сұрау салулар

67. Егер Атқару кеңесі жергілікті жерлердегі инспекцияны орнындағы инспекцияға қатысты сұрау салу ойдан шығарылған немесе теріс пиғылды болып табылған деген негізде мақұлдасаса немесе егер инспекция осы себептермен тоқтатылса, Атқару кеңесі жағдайды түзету жөнінде, келесілерді қоса алғанда, тиісті шараларды қолдану туралы мәселені қарайды және шешеді:

- a) Техникалық хатшылық жүргізген кез келген дайындықтарға байланысты шығыстарды сұрау салушы қатысушы мемлекеттің төлеуін талап ету;
- b) сұрау салушы қатысушы мемлекеттің жергілікті жерлердегі инспекцияға сұрау салу құқығын Атқару кеңесі белгілеген кезеңге тоқтата тұру; және
- c) сұрау салушы қатысушы мемлекеттің белгілі уақыт кезеңінде Атқару кеңесі құрамына ену құқығын тоқтата тұру.

Е. СЕІМДІ НЫҒАЙТУ ШАРАЛАРЫ

6 8 . М ы н а л а р :

- a) химиялық жарылыстарға қатысы бар бақылау деректерін теріс түсіндіру нәтижесінде пайда болатын кез келген алаңдаушылықтарды дер кезінде жоюға ықпал е т у ; ж ә н е

б) Халықаралық мониторинг жүйесін құрайтын желілер құрамына енетін станцияларды калибрлеуге ықпал ету үшін, әрбір қатысушы мемлекет Хаттаманың III бөлімінде мазмұндалған тиісті шараларды жүзеге асыруда Ұйыммен және басқа да қатысушы мемлекеттермен ынтымақтасуға міндеттенеді.

Ү Б А П САНКЦИЯЛАРДЫ ҚОСА АЛҒАНДА АХУАЛДЫ ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ САҚТАЛУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

1. Конференция, басқалардың қатарында, Атқару кеңесінің ұсынымдарын ескере отырып, олар 2 және 3-тармақтарда мазмұндалғандай, осы Шарттың сақталуын қамтамасыз ету және осы Шарттың ережесін бұзатын кез келген ахуалды түзету және бағыттау жөнінде қажетті шараларды қабылдайды.

2. Конференция немесе Атқару кеңесі қатысушы мемлекетке осы Шарттың сақталуына қатысты проблемалар тудыратын ахуалды түзеуді ұсынғанда, және қатысушы-мемлекет өтінішті белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, Конференция, басқалардың қатарында, осы қатысушы мемлекеттің осы Шарт бойынша құқықтары мен артықшылықтарын жүзеге асыруды Конференция басқа шешім қабылдаған уақытқа дейін шектеуге немесе тоқтата тұруға шешім қабылдайды.

3. Осы шарт жөніндегі негізгі міндеттемелердің сақталмауы нәтижесінде осы Шарттың объектісі мен мақсаттарына залал келтірілуі мүмкін жағдайларда, Конференция қатысушы мемлекеттерге халықаралық құқықтарға сәйкес ұжымдық шараларды ұсына алады.

4. Конференция немесе жағдай шұғыл сипаттық болса, Атқару кеңесі, тиісті ақпараттар мен тұжырымдарды қоса алғанда, проблеманы Біріккен Ұлттар Ұйымының назарына жеткізе алады.

Ү I Б А П ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ

1. Осы Шартты қолдануға немесе түсіндіруге байланысты туындайтын даулар осы Шарттың осы мәселеге қатысты ережелеріне сәйкес және Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының ережелеріне сәйкес реттеледі.

2. Екі немесе одан да көп қатысушы мемлекеттер арасында немесе одан да көп қатысушы мемлекеттер мен Ұйым арасында осы Шартты қолдану немесе түсіндіруге байланысты дау туындаған жағдайда, тиісті қатысушылар дауды келіссөздер жолымен немесе қатысушылардың таңдауы бойынша басқа да бейбіт құралдармен, осы Шарттың тиісті органдарына жүгінуді және өзара келісім бойынша Сот мәртебесіне сәйкес Халықаралық сотқа жүгінуді қоса алғанда, тез реттеу мақсатында біріккен консультациялар жүргізеді. Осы дауға қатысы бар қатысушылар жасалып жатқан іс-қимылдар туралы Атқару кеңесін хабардар етеді.

3. Атқару кеңесі осы Шартты қолдануға және түсіндіруге байланысты туындауы ықтимал дауды, ол орынды деп тапқан кез келген құралдармен, жеке таңдауы бойынша

өзінің ізгі қызметтерін ұсынуды, дау тараптары болып табылатын қатысушы мемлекеттерге үндеуді, процесс көмегімен реттеуге қол жеткізуді, мәселені Конференция назарына жеткізу және кез келген келісілген рәсім үшін мерзімдерге қатысты ұсыным жасауды қоса алғанда, реттеуге жәрдемдесе алады.

4. Конференция қатысушы мемлекет көтерген немесе оның назарына Атқару кеңесі ұсынған дауларға қатысы бар мәселелерді қарайды. Конференция, егер ол осыны қажет деп тапса, органдарды құрады немесе оларға II баптың 26 і) тармағына сәйкес осы дауларды реттеуге байланысты міндеттерді орындауды тапсырады.

5. Конференцияға және Атқару кеңесіне Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының рұқсатымен Ұйым қызметінің аясы шеңберінде туындайтын кез келген заңды мәселе бойынша консультациялық қорытынды беру туралы сұрау салумен Халықаралық сотқа дербес жүгіну құқығы беріледі. Осы мақсатта Ұйым мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасында II баптың 38 h) тармағына сәйкес келісім ж а с а л ы н а д ы .

6. Осы бап IV және V баптарға залалын тигізбейді.

V I I

Б А П

ТҮЗЕТУЛЕР

1. Осы Шарт күшіне енгеннен кейін кез келген уақытта кез келген қатысушы мемлекет осы Шартқа, Хаттамаға немесе Хаттаманың қосымшасына түзетулерді ұсына алады. Сондай-ақ кез келген қатысушы мемлекет 7-тармаққа сәйкес Хаттамаға немесе оның қосымшасына өзгерістерді ұсына алады. Түзетулер туралы ұсыныстар 2-6-тармақтарда мазмұндалған рәсімдермен реттеледі. Өзгерістер туралы ұсыныстар 7-тармаққа сәйкес 8-тармақта мазмұндалған рәсімдермен реттеледі.

2. Ұсынылған түзетулер тек Конференцияның түзетулерді қарауы бойынша қ а р а л а д ы және қ а б ы л д а н а д ы .

3. Түзетулер туралы кез келген ұсыныс Бас директорға хабарланады, ол оны барлық қатысушы мемлекеттер мен депозитарийлерге таратады және түзетулерді қарауы бойынша осы ұсынысты қарау үшін Конференцияның шақырылуының орындылығына қатысты қатысушы мемлекеттердің пікірлерін анықтайды. Егер қатысушы мемлекеттердің көпшілігі осы ұсынысты таратқаннан кейін 30 күннен кешіктірмей Бас директорға өздерінің осы ұсыныстың бұдан әрі қаралуын қолдайтындықтарын білдірсе, Бас директор түзетулерді қарастыру жөніндегі барлық қатысушы мемлекеттер шақырылатын Конференцияны шақырады.

4. Түзетулерді қарастыру жөніндегі Конференция, егер түзетулерді қарастыру жөніндегі Конференцияны шақыруды қолдайтын барлық қатысушы мемлекеттер оны жақын арада өткізу туралы сұрау салмаса, Конференцияның кезектегі сессиясынан кейін бірден өткізіледі. Түзетулерді қарау жөніндегі Конференция ұсынылған түзетулерді таратқаннан кейін 60 күн өтпейінше ешқандай жағдай да өткізілмейді.

5. Түзетулер түзетулерді қарау жөніндегі Конференцияда оларды қабылдауға

қатысушы мемлекеттердің көпшілігінің оң дауыс беруімен бір де бір қатысушы мемлекет теріс дауыс бермеген жағдайда қабылданады.

6. Барлық қатысушы мемлекеттер үшін түзетулер бекіту грамоталарын немесе түзетулерді қарау жөніндегі Конференцияда оларды қабылдауға дауыс берген барлық қатысушы мемлекеттердің қабылдауы туралы құжаттарды сақтауға бергеннен кейін 30 күннен соң күшіне енеді.

7. Осы Шарттың өміршеңдігін қамтамасыз ету мақсатында, егер ұсынылған өзгерістер тек әкімшілік немесе техникалық сипаттағы мәселелерге қатысты болса, Хаттаманың I және II бөлімі мен Хаттаманың 1 және 2-қосымшалары 8-тармаққа сәйкес өзгертілуі тиіс. Хаттама мен оның Қосымшаларының барлық басқа ережелері 8-тармаққа сәйкес өзгертілмеуге тиіс.

8. 7-тармақта ескерілген ұсынылған өзгерістер келесі рәсімдерге сәйкес жүргізіледі:

a) ұсынылған өзгерістердің мәтіні қажетті ақпараттармен бірге Бас директорға табыс етіледі. Кез келген қатысушы мемлекет және Бас директор ұсынысты бағалау үшін қосымша ақпаратты ұсына алады. Бас директор кез келген осындай ұсыныстар мен ақпараттарды барлық қатысушы мемлекеттерге, Атқару кеңесі мен депозитарийге кешіктірмей хабарлайды;

b) Бас директор ұсынысты алғаннан кейін 60 күннен кешіктірмей оны осы Шарттың ережелері мен жүзеге асуы үшін барлық болуы күдік салдарларын анықтау үшін бағалайды және кез келген осындай ақпаратты барлық қатысушы мемлекеттерге, Атқару кеңесіне хабарлайды;

c) Атқару кеңесі ұсынысты өзінде бар барлық ақпараттар аясында, ұсыныс 7-тармақта мазмұндалған талаптарға сәйкес пе, жоқ па деген мәселені қоса зерделейді. Атқару кеңесі ұсынысты алғаннан кейін 90 күннен кешіктірмей тиісті түсіндірулермен өзінің ұсынымдары туралы қарау үшін барлық қатысушы мемлекеттерді хабардар етеді. Қатысушы мемлекеттер 10 күндік мерзімде алуды растайды;

d) егер Атқару кеңесі барлық қатысушы мемлекеттерге ұсынысты қабылдауды ұсынса, егер ұсынымды алғаннан кейін 90 күндік мерзімде бір де бір қатысушы мемлекет қарсылық білдірмесе, онда ол мақұлданды деп саналады. Егер Атқару кеңесі ұсынысты қабыл алмауды ұсынса, ұсынымды алғаннан кейін 90 күндік мерзімде бір де бір қатысушы мемлекет осындай қабыл алмауға қарсылық білдірмесе, онда ол қабыл алынбады деп саналады;

e) егер Атқару кеңесінің ұсынымы с) тармақшасында көзделген қабылдау жағдайларына сәйкес келмесе, онда ұсыныс жөніндегі шешім, 7-тармақта мазмұндалған талаптарға сай ма жоқ па деген мәселені қоса алғанда, Конференцияның келесі сессиясында мәселенің мәні ретіндегідей қабылданады;

f) Бас директор барлық қатысушы мемлекеттер мен депозитарийлерді осы тармаққа сәйкес қабылданған кез келген шешім туралы хабардар етеді;

g) Осы тәртіп бойынша мақұлданған өзгерістер, егер тек Атқару кеңесі ұсыным жасамаса немесе егер тек Конференция өзге мерзімді белгілеуді шешпесе, барлық қатысушы мемлекеттер үшін оның мақұлданғаны туралы Бас директор хабарлаған күннен 180 күн өткен соң күшіне енеді.

V I I I

Б А П

ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ҚАРАУ

1. Егер тек қатысушы мемлекеттердің көпшілігі өзге шешім қабылдаса, осы Шарт күшіне енгеннен он жылдан кейін қатысушы мемлекеттердің Шарттың кіріспесінің және ережелерінің мақсаттары мен міндеттерінің іске асуына көз жеткізу мақсатында осы Шарттың қолданылуы мен тиімділігін қарау жөніндегі Конференциясы өткізіледі. Осындай қарау барысында осы Шартқа қатысы бар кез келген жаңа ғылыми-техникалық жетістіктер ескеріледі. Шарттың қолданылуын қарау жөніндегі Конференция кез келген қатысушы мемлекеттің сұрау салуы негізінде, бейбіт мақсаттарда жер асты ядролық жарылыстарын жүргізуге рұқсат ету мүмкіндігін қарастырады. Егер Шарттың қолданылуын қарау жөніндегі Конференция осындай ядролық жарылыстарға рұқсат етілуі мүмкін деп ымыралықпен шешсе, онда ол қатысушы мемлекеттерге осы Шартқа осындай жарылыстардан кез келген әскери пайданы болдырмай тастайтын Тиісті түзету енгізуге ұсыным жасау мақсатындағы жұмысын тез арада бастайды. Кез келген осындай ұсынылған түзетуді Бас директорға кез келген қатысушы мемлекет хабарлайды және VII бап ережелеріне сәйкес қаралады.

2. Егер өткен жылда Конференция бұл туралы рәсімдік мәселе ретінде шешім қабылдаса, кейін осы мақсатпен он жылдық аралықтармен Шарттың қолданылуын қарау жөніндегі бұдан кейінгі конференциялар шақырылуы мүмкін. Осындай конференциялар, егер Конференция бұл туралы мәселенің мәні бойынша шешім қабылдаса, он жылдық аралықтармен шақырылуы мүмкін.

3. Әдетте, Шарттың қолданылуын қарау жөніндегі кез келген Конференция II бапта көзделген Конференцияның жыл сайындық кезекті сессиясынан кейін бірден өткізіледі.

I X

Б А П

ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОДАН ШЫҒУ

1. Осы Шарттың қолданылуы мерзімсіз болып табылады.

2. Әрбір қатысушы мемлекет, егер ол осы Шарттың мазмұнымен байланысты айрықша жағдайлар оның жоғары мүдделеріне қауіп төндіреді деп шешсе, өзінің мемлекеттік егемендігін жүзеге асыру тәртібінде осы Шарттан шығуға құқығы бар.

3. Шығу барлық басқа қатысушы мемлекеттерді, Атқару кеңесін, депозитарий мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесін алты ай бұрын дер кезінде хабардар ету жолымен жүзеге асады. Шығу туралы хабарламада қатысушы мемлекет оның жоғары мүдделеріне қауіп төндіреді деп санайтын айрықша жағдай немесе айрықша жағдайлар туралы мәлімдеме мазмұндалады.

Х Б А П ХАТТАМАНЫҢ ЖӘНЕ ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ

Осы Шарттың Қосымшасы, Хаттама мен Хаттаманың Қосымшасы Шарттың құрамды бөлігі болып табылады. Осы Шартқа кез келген сілтеме осы Шарттың Қосымшасын, Хаттама мен Хаттаманың Қосымшасын қамтиды.

Х І Б А П ҚОЛ ҚОЮ

Осы Шарт ол күшіне енгенге дейін барлық мемлекеттердің қол қоюына ашық.

Х І І Б А П РАТИФИКАЦИЯЛАУ

Осы Шартты Шартқа қол қойған мемлекеттер конституциялық рәсімдерге сәйкес ратификациялауға тиіс.

Х І І І Б А П ҚОСЫЛУ

Осы Шартқа ол күшіне енгенге дейін қол қоймаған кез келген мемлекет бұдан былай оған кез келген уақытта қосыла алады.

Х І V Б А П КҮШНЕ ЕНУІ

1. Осы Шарт Осы Шарттың 2-қосымшасында аталған барлық мемлекеттер ратификациялау грамоталарын сақтауға тапсырған күнінен бастап 180 күннен кейін күшіне енеді, бірақ ешқандай жағдайда да оған қол қою үшін ашылғаннан кейін екі жылдан ерте болмауға тиіс.

2. Егер осы Шарт оның қол қою үшін ашылған күніне бір жыл толғаннан кейін үш жылдан кейін күшіне енбесе, депозитарий өздерінің ратификациялау грамоталарын сақтауға тапсырған мемлекеттердің, осы мемлекеттер көпшілігінің өтініші бойынша, Конференциясын шақырады. Бұл Конференция 1-тармақта мазмұндалған талаптар қандай дәрежеде сақталғанын қарастырады және осы шарттың күшіне тез арада енуіне жәрдемдесу мақсатында ратификациялау процесін жылдамдату үшін халықаралық құқықпен үйлесімді қандай шаралар қабылдануы мүмкін деген мәселені ымыралықпен қарастырады және шешеді.

3. Егер 2-тармақта ескерілген Конференция немесе басқа осындай конференциялар өзге шешім қабылдамаса, осы Шарттың күшіне енуінен бұрын қол қою үшін ашылған келесі жылдықтарында бұл процесс қайталанады.

4. Шартқа қол қойған барлық мемлекеттер 2-тармақта аталған Конференцияға және 3-тармақта аталған кез келген келесі конференцияларға бақылаушы ретінде қатысуға шақырылады.

5. Осы Шарт күшіне енгеннен кейін ратификациялау грамоталарын немесе қосылу

туралы құжаттарын сақтауға өткізген мемлекеттер үшін, олардың ратификациялау грамоталары немесе қосылу туралы құжаттары сақтауға өткізілген күнінен бастап 30-шы күні күшіне енеді.

Х V

Б А П

ЕСКЕРТПЕЛЕР

Осы Шарт пен оның Қосымшалары ескертпелерге жатпайды. Осы Шарттың объектісі мен мақсатына сай емес осы Шартқа Хаттаманың және Хаттамаға қосымшалардың ережелері ескертпелерге жатпайды.

Х V I

Б А П

ДЕПОЗИТАРИЙ

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Шарттың депозитарийі болып табылады және қол қоюларды, бекіту грамоталарын және қосылу туралы құжаттарды а л а д ы .

2. Депозитарий тез арада барлық қол қойған мемлекеттер мен қосылған мемлекеттерді әрбір қол қойған күндер, әрбір ратификациялау грамоталарын немесе қосылу туралы құжаттарды сақтауға берген күндер, Осы Шарттың күшіне енген күнін және оған кез келген түзетулер мен өзгерістер туралы, сондай-ақ басқа хабарламаларды алғаны туралы х а б а р д а р е т е д і .

3. Депозитарий тиісті дәрежеде осы Шарттың расталған көшірмелерін қол қойған мемлекеттердің және қосылған мемлекеттердің үкіметтеріне жібереді.

4 Осы Шартты депозитарий Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркейді.

Х V I I

Б А П

ТҮПНҰСҚАЛЫҚ МӘТІНДЕР

Осы Шарттың ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі мәтіні түпнұсқамен тең болып табылады, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға өткізіледі.

Ш А Р Т Қ А

1 - Қ О С Ы М Ш А

II БАПТЫҢ 28-ТАРМАҒЫНА СӘЙКЕС МЕМЛЕКЕТТЕР ТІЗІМІ

Африка

Алжир, Ангола, Бенин, Ботсвана, Буркина-Фасо, Бурунди, Габон, Гамбия, Гана, Гвинея, Гвинея-Бисау, Джибути, Египет, Заир, Замбия, Зимбабве, Кобо-Верде, Камерун, Кения, Комор Аралдары, Конго, Кот-д' Ивуар, Лесото, Либерия, Ливия Араб Джамахириясы, Маврикий, Мавритания, Мадагаскар, Малави, Мали, Марокко, Мозамбик, Намибия, Нигер, Нигерия, Танзания Біріккен Республикасы, Руанда, Сан-Томе және Принсипи, Свазиленд, Сейшель Аралдары, Сенегал, Сомали, Судан, Сьерра-Леоне, Того, Тунис, Уганда, Орталық Африка Республикасы, Чад, Экваториалды Гвинея, Эритрея, Эфиопия, Оңтүстік Африка.

Шығыс Еуропа

Әзірбайжан, Албания, Армения, Беларусь, Болгария, Босния мен Герцеговина, Македония Республикасы (бұрынғы югославиялық), Венгрия, Грузия, Латвия, Литва, Польша, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Румыния, Словакия, Словения, Украина, Хорватия, Чехия Республикасы, Эстония, Югославия.

Латын Америкасы мен Кариб бассейні

Антигуа мен Барбуда, Аргентина, Багам Аралдары, Барбадос, Белиз, Боливия, Бразилия, Венесуэла, Гаити, Гайана, Гватемала, Гондурас, Гренада, Доминика Доминикан Республикасы, Колумбия, Коста-Рика, Куба, Мексика, Никарагуа, Панама, Парагвай, Перу Сальвадор, Сент-Винсент және Гренадин, Сент-Китс және Невис, Сент-Люсия, Суринам, Тринидад және Тобаго, Уругвай, Чили, Эквадор, Ямайка.

Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азия

Ауғанстан, Бангладеш, Бахрейн, Бутан, Израиль, Үндістан, Иордания, Ирак, Иран (Ислам Республикасы), Иемен, Қазақстан, Катар, Кувейт, Қырғызстан, Ливан, Мальдив Аралдары, Непал, Біріккен Араб Эмираттары, Оман, Пәкістан, Сауд Аравиясы, Сирия Араб Республикасы, Тәжікстан, Түркменстан, Өзбекстан, Шри-Ланка.

Солтүстік Америка және Батыс Еуропа

Австрия, Андorra, Бельгия, Германия, Греция, Дания, Ирландия, Исландия, Испания, Италия, Канада, Кипр, Лихтенштейн, Люксембург, Мальта, Монако, Нидерланд, Норвегия, Португалия, Сан-Марино, Святейший Престол, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі, Америка Құрама Штаттары, Түркия, Финляндия, Франция, Швейцария, Швеция.

Оңтүстік Шығыс Азия, Тынық мұхит аймағы мен Қиыр Шығыс

Австралия, Бруней-Даруссалам, Вануату Вьетнам, Индонезия, Камбоджа, Кирибати, Қытай, Корей Халық-Демократиялық Республикасы, Лаос Халық-Демократиялық Республикасы, Малайзия, Маршалл Аралдары, Микронезия (Федерациялық Штаттар), Монғолия, Мьянма, Науру, Ниуэ, Жаңа Зеландия, Кук Аралдары, Палау, Папуа-Жаңа Гвинея, Корей Республикасы, Самоа, Сингапур, Соломон Аралдары, Тайланд, Тонга, Тувалу, Фиджи Филиппин Жапония.

Ш А Р Т Қ А

2 - Қ О С Ы М Ш А

XIV БАПҚА СӘЙКЕС МЕМЛЕКЕТТЕР ТІЗІМІ

1996 жылғы Конференция сессиясының жұмысына ресми қатысқан және Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттігінің "Әлемдегі ядролық зерттеу реакторлары" атты 1996 жылғы сәуірдегі басылымының I-кестесінде көрсетілген қарусыздану жөніндегі Конференцияның мүше мемлекеттерінің 1996 жылғы 18 маусымдағы және 1996 Конференция сессиясының жұмысына ресми қатысқан және Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттігінің "Әлемдегі ядролық энергетикалық реакторлар" атты 1995 жылғы желтоқсандағы басылымының 1-кестесінде көрсетілген қарусыздану жөніндегі Конференцияның мүше мемлекеттерінің 1996 жылғы 18 маусымдағы тізімі:

Австралия, Австрия, Алжир, Аргентина, Бангладеш, Бельгия, Болгария, Бразилия,

Венгрия, Вьетнам, Германия, Египет, Заир, Израиль, Үндістан, Индонезия, Иран (Ислам Республикасы), Испания, Италия, Канада, Қытай, Колумбия, Корей Халық-Демократиялық Республикасы, Мексика, Нидерланд, Норвегия, Пәкістан, Перу, Польша, Корей Республикасы, Ресей Федерациясы, Румыния, Словакия, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі, Америка Құрама Штаттары, Түркия, Украина, Финляндия, Франция, Чили, Швейцария, Швеция, Оңтүстік Африка, Жапония.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК